



## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиын барысында терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады. Сонымен қатар

бірқатар салалық мемлекеттік органдардың басшылары мәлімет берді.

Мемлекет басшысы экстремистік әрекеттердің алғышарттарын анықтап, олардың алдын алу, халықаралық терроризмнің таралуына жол бермеу, соның

ішінде заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру, дұрыс ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі кешенді тәсілдердің маңызды екенін атап өтті.

Отырыс соңында мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берілді.

## ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КҮШЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады.



Президентке ведомствоның биыл жыл басынан бері терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысының негізгі нәтижелері және алдағы кезеңде қабылданатын шаралар туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы уақыт ішінде екі лаңкестік шабуылдың жолы кесілгені туралы айтылды. Оның біреуі шет мемлекетте шетелдік серіктестермен бірлесіп жасалмақ болған.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті тергеу-тексерген қылмыстық істердің негізінде радикалды діни идеологияның 26 жақтаушысы лаңкестік және экстремистік әрекеттері үшін сотталды. Тағы 22 адамға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары жалғасып жатыр.

ҰҚК төрағасының мәліметі бойынша, экстремистік көзқарастарына байланысты республикаға 139 шетелдіктің кіруіне жол берілмеген, 280-нен астам шетелдік азамат Қазақстаннан шығарылған. Тыйым салынған діни әдебиеттерді елге зансыз

өкелуге қатысты 190-нан астам әрекетке тосқауыл қойылып, 19 шетелдік жауапқа тартылған. Зансыз айналымдағы 237 атыс қаруы, 27 жарылғыш құрылғы, 4 500-ден астам оқ-дәрі және басқа да террор құралдары тәркіленді.

Ермек Сағымбаев жыл басынан бері 340-тан астам терроризмге қарсы оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылғанын жеткізді.

Терроризмге қарсы күрес шараларын күшейту аясында ІІМ және ҰҚК күштері мемлекеттік және өзге де нысандарға, оның ішінде халық көп жиналатын орындарға 3 400-ге жуық тексеру жүргізді.

Мемлекет басшысына Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жүйесінің дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарындағы өзге де шаралардың жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстарды күшейту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

## СУ ТАСҚЫНЫНАН КЕЙІНГІ АХУАЛ

Мемлекет басшысына су тасқыны салдарын жоюға және зардап шеккен азаматтарды қолдау шараларын жүзеге асыруға бағытталған жоспарлы жұмыстар жөнінде баяндалды.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің айтуынша, 30 770 отбасына 100 АЕК көлемінде бірреттік төлем беру үшін 11 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінген.

Зардап шеккен аймақ тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Жалпы, 15 103 тұрғын үй тексеріліп, 11 186 нысанды бағалау жұмыстары аяқталды.

Қазір 432 отбасы бұзылған баспаналарының орнына жаңа үйлер мен пәтерлерге ие болды. Атап айтқанда, тұрғындарға Қостанай

облысында – 225, Ақмола облысында – 83, Ақтөбе облысында – 76, Солтүстік Қазақстан облысында – 40, Қарағанды облысында – 6, Павлодар облысында 2 баспана берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына зардап шеккен азаматтар үшін 1 862 жаңа үй салынып жатқаны туралы мәлімет берілді. Мәселен, Батыс Қазақстан облысында – 394, Қостанай облысында – 184, Атырау облысында – 48, Ақтөбе облысында – 494, Ақмола облысында – 273, Солтүстік Қазақстан облысында – 500, Павлодар облысында 5 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. 2 947 отбасына баспанасын жөндеу және қалпына келтіру үшін өтемақы төленді.

Олжас Бектенов зардап шеккен тұрғындарға аса қажетті дүние-мүлік сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейін қосымша өтемақы төленіп

жатқанын айтты. 4 115 отбасы жалпы сомасы 1 миллиард теңге көлемінде өтемақы алған. Сондай-ақ өлген малдың өтеуі үшін мемлекеттен бөлінген қаржылай көмектің көлемі 2,3 миллиард теңгеден асқан.

Бұдан бөлек, тасқыннан зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аймақтық комиссиялар тексеру жұмыстарының нәтижесіне сәйкес шағын және орта бизнес субъектілерінің 12 өтінімін қарастырып, мақұлдады. Оған жалпы сомасы 21 миллион теңге бөлінді.

Жалпы, шығынды өтеу және құжаттарды өткізу тәртібін білу үшін 1 432 нөмірі бойынша жедел желі жұмыс істеп тұр. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Алдын ала бағалау бойынша су тасқынынан 731 бизнес субъектісі зардап шеккен.


## КЕЛІСІМ мен БІТІМ ЖОЛЫ

Біздің ел үнемі халықаралық қатынастарда көпжақтылықты жақтап, өзара диалог пен бірлескен іс-қимыл үшін жаңа алаңдар іздеу саясатын ұстанады. Әрі Қазақстан тәрізді мүмкіндігі күн санап артып келе жатқан орта державалар өз аймақтарында және одан тыс өңірлерде тұрақтылықты, бейбітшілік пен дамуды қамтамасыз етуде шешуші күштерге айнала бастады. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Euronews сайтында жарық көрген мақаласында айтылған ойлардың бірқатары ғана.

euronews.

» 2

## ҚЫЗҒАЛДАҚ – МӘДЕНИ РӘМІЗДЕРДІҢ БІРІ



5  
БЕТ

## АЛАШ АРУЛАРЫ ӘЛІ АРНАЙЫ ЗЕРТТЕЛГЕН ЖОҚ



7  
БЕТ



## СОҢҒЫ ЖОЛДАМАНЫҢ ЖҮГІ АУЫР...

Тайландтың Бангкок қаласында бокстан Париж Олимпиадасының соңғы жолдамалары сарапқа салынып жатыр. Төрт жылдық додасына берілетін 51 лицензияға әлемнің әр түкпірінен келген 600 спортшы таласуда. Оның ішінде 28 квота ерлерге, 23 квота әйелдерге берілмек. Бұл додаға Қазақстан құрамасы алты боксшы апарған. Өкінішке қарай, екеуі бірінші айналымда жарысты аяқтап үлгерді, деп жазады «Айқын» тілшісі.

Бангкок сапары Қазақстанның қос құрамасы үшін де маңызды еді. Ерлеріміз жеті салмақтың алтауында лицензия алып, 63,5 келіде ақсап тұр. Сидней Олимпиадасынан кейінгі төрт жылдық турнирлеріне толық құраммен барған әрі әлемдегі бокс державаларының бірі саналатын Қазақстан үшін бір салмақта жолдамасыз қалудың өзі үлкен айып.

Ал әйелдер командасының еңшілінде жалғыз жолдама бар. Жазғы Азия ойындарында Карина Ибрагимова лицензия жөніп алған соң, қалған қыздарымыз

көзге түсе алар емес. Италиядағы іріктеу турнирінен де бұрымды боксшылар құралақан келді. Осы аралықта, федерация әйелдер құрамасының бас бапкерін ауыстырып, Бангкокке баратын боксшыларды халықтың алдында спаррингтік турнир арқылы таңдап алды. Сондықтан Тайландтағы турнир құрамаға енді келген бапкер Елдос Сайдалиев үшін де, соңғы жолдама үшін жанталасқан қыздар үшін де оңай емес.

» 8

# КЕЛІСІМ мен БІТІМ ЖОЛЫ

Біздің ел үнемі халықаралық қатынастарда көпжақтылықты жақтап, өзара диалог пен бірлескен іс-қимыл үшін жаңа алаңдар іздеу саясатын ұстанады. Әрі Қазақстан тәрізді мүмкіндігі күн санап артып келе жатқан орта державалар өз аймақтарында және одан тыс өңірлерде тұрақтылықты, бейбітшілік пен дамуды қамтамасыз етуде шешуші күштерге айнала бастады. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Euronews сайтында жарық көрген мақаласында айтылған ойлардың бірқатары ғана.

Президент «Euroviews. Middle powers have the power to save multilateralism» — «Еурокөзқарас. Орта державалар мультилатерализмді сақтауға қабілетті» деп аталатын мақаласында геосаяси турбуленттіліктің құшағына енген, бітпейтін қытығыстарға толы жаһанда көпжақты шешімдерге бұрын-соңды болмаған деңгейде мұқтаждық туғанын жазды. Мемлекет басшысының мақаласындағы «мультилатерализм» дегеннің өзі елдердің көпжақты келісімдерге негізделген қарым-қатынасын сипаттайтын ұғым. Мұнда әркімге серіктестермен қарым-қатынаста артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік беретін көпжақты келісімдер механизмі ескеріледі.

Қазақстан басшысы мақаласында көпжақты байланыстардың маңызына тоқтала келе, дүниежүзіндегі күрделі мәселелерді орта державалар тізе қоса отырып шешуге тырысуы керек екенін атап өтті.

«Геосаяси тұрақсыздық пен қытығыстарға толы қазіргі әлемде көпжақты шешімге деген қажеттілік бұрын-соңды болмаған деңгейде өткір тұр. Еуропадағы, Таяу Шығыс пен Африкадағы соғыстар мыңдаған адамның өмірін қиып жатса, климаттың өзгеруі миллиондарды аш қалдырып, олардың



жүдеп-жадап, қоныс аударуына алып келді. Бұл шиеленістер шешілмейтіндей әрі үміт оты сөніп бара жатқандай болып көріне бастады. Жаһандық келіспеушілік аясында ірі державалар — әлемнің экономикалық және саяси алыптары тізе қоса әрекет ету қабілетінен ажырап барады», — деген Қ.Тоқаев Украинадағы конфликтді дипломатиялық тығырыққа тірегенін, Газа секторындағы жағдай ауқымды гуманитарлық апатқа айналғанын, Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы шиеленіс конструктивті өзара іс-қимылға кесірін тигізетін

конфронтация катерін төндіре бастағанын айтты. Сонымен қатар Президент жаһандағы дау-дамайды шешіп, халықаралық консенсус қалыптастыруға тиіс БҰҰ қатарлы ұйымдар тығырыққа тіреліп, сал адамның күйін кешіп отырғанын айтты.

Президент БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің вето қою құқы бартұрақты мүшелері жаһандық дағдарыстарға қарсы бағыт шешім қабылдауға келергі келтіріп, көп жағдайда тығырыққа тірейтінін атады. Өз кезегінде бұл жағдай көптің көңілінен шығатын әдістен гөрі онаша, бір-

жақты шешім қабылдауға алып келеді. Әрі мұндай сценарий қайталану береді. Осылайша, көпжақты қатынастарды шайқалтып, халықаралық институттарға деген сенімді төмендетіп келеді.

Сонымен қатар мақалада middle powers немесе «Орта державалардың» халықаралық қатынастарда шешуші рөлге ие екенін атады.

«Іс жүзінде біздің ел сияқты мемлекеттердің әлемдік супердержавалар тәрізді жаһандық ықпалы жоқ. Бірақ біздің экономикалық күшіміз, әскери потенциалымыз бар. Бәлкім одан да маңыздысы — азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік, «жасыл» және ақпараттық технологиядан бастап тасымалдың тұрақты тізбегін қалыптастыруға дейін әлемдік сахнада сан түрлі мәселеге әжептәуір ықпал етуге қажет саяси ерік-жігер мен дипломатиялық алғырылығымыз да бар. Супердержавалар саясатының ауыр жүгін арқаламаған біздің икемділігіміз күрделі дипломатиялық жағдайларда бағытымызды айқындауға және келісім мен бітім жолын салуға мүмкіндік береді», — деп жазды Қ.Тоқаев. Яғни, түрлі шиеленістерді шешуде орта державалардың рөлі зор екенін меңзеді.

Euronews сайтында жарияланған мақалада Қазақстанның бірқатар шиеленістерді шешудегі рөлі де мысал ретінде айтылған. Мұндағы ойлар Президенттің Сингапурдағы дәрісінің жалғасы іспетті көрінді. Яғни, жаһанда бейбітшілік орнауы үшін алдымен аймақтар тынышталуы қажет дегенге саятты ұстаным. Әрі Қазақстанның бұл бағытта біршама тәжірибесі де бар. Әсіресе, Оңтүстік Кавказдағы шиеленісті

шешуге қатысты ұстанымы алғашқы нәтижелерін бере бастады. Алматыда Әзербайжан мен Армения Сыртқы істер министрлерінің кездесіп, бірқатар келісімге келуі аймақтық мәселені сол өңір елдері өздері шешуі қажет екенін көрсетті. Үшінші күштер немесе супердержавалар «ақыл айтпаған» келіссөздер тиімді бола бастады. Бұл дегеніміз, аймақтық мәселелерде супердержавалар орта держава елдерінің ұстанымын ескеруі керек екенін көрсетеді.

Қазақстан Президенті орта державалар көпжақты көзқарас идеясына берік екенін алға тартады. Қазақстан үнемі халықаралық диалог пен бірлескен іс-қимыл үшін жаңа платформалар құру бастамасын көтеріп келеді. Ядролық қаруды таратпауға, қарусыздануға, жаһандық ауқымда биоқауіпсіздікке бағытталған жаңа көпжақты ведомство жасақтауға, климат өзгерісінің салдарын жеңілдетуге бағытталған қадамдар жасап келеді. Президент Қазақстан Франциямен бірге су тапшылығы мен шөлейттену проблемаларына тап болған әлем елдері мен қауымдастықтың басын қосқан бірінші «бір су» саммитінің төн төрағасы болғанын атап өтті.

Президент мақаласында: «Барлығымыз өз әлемімізге жаңа тыныс беру үшін бірге жұмыс істеуіміз керек. Дегенмен ірі державалардың бұл үдеріске сенім артуға дайындығы барған сайын азайғанын және шағын елдердің әрекетін қолдайтын жоктығын ескерсек, бұл қозғалысты басқару — орта державалардың міндеті», — деді.

Бір сөзбен айтқанда, Президент орта державалардың көпжақты қарым-қатынас ұстанымының мән-маңызына үнілді әрі дәл осы қатарда тұрған мемлекеттерді бұл бастаманы жақтауға шақырды.

Мақаланың толық нұсқасы ағылшын тілінде Euronews арнасының сайтында жарияланды.

А.ҚҰРМЕТ

# КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар бірқатар халықаралық, соның ішінде Қытай және Түркі мемлекеттері ұйымы мен Дүниежүзілік сауда ұйымы аясындағы келісімдерді ратификациялады. Сонымен қатар мемлекеттік статистика және деректерді басқару туралы, экономикалық құқықбұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылту және «Жылу энергетикасы туралы» заңдар ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылданды.

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісім бойынша Көлік министрі Марат Қарабаев баяндама жасады. Ол құжаттың ережелері әртүрлі көлік түрін пайдалана отырып, халықаралық жүк тасымалдауды жеңілдететінін айтты. Келісім сондай-ақ Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық қатынасты дамытуға бағытталған. Оған 2022 жылы 11 қарашада Самарқандта қол қойылған.

— 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы жүк тасымалдау көлемі шамамен 40 миллион тонна жүкті құрады. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артық. Келісімнің қабылдануы Қазақстан арқылы транзиттік жүк тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл елдің транзиттік көлік әлеуетін дамытуға оң ықпал етеді, — деді М.Қарабаев.

Айта кетейік, 2023 жылдың соңында ТХКБ арқылы жүк тасымалдау көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 65 пайызға өсіп, 2,7 млн тоннаны құрады. Ал был 4 айда жүк тасымалы 1,4 млн тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 14 пайызға артқан.

Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай — Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамуы жөніндегі келісім де ратификацияланды. Марат Қарабаев құжатты жүзеге асыру нәтижесінде екі ел аумағы арқылы контейнерлік пойыздардың экспорттық-импорттық және транзиттік ағынын ұлғайту және олардың ішінде жылжымалы құрамды қадағалау бойынша деректер алмасу көзделген. Сондай-ақ осы бағыт бойын-



ша жүк тасымалдаудың жыл сайынғы көлемін болжау бекітіледі, бұл үшін дәліз арқылы жүктерді тасымалдау жөнінде бірлескен жұмыс тобы құрылады.

Сондай-ақ Мәжіліс 2022 жылғы 17 маусымда Женевада қабылданған Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне (Балық аулауды субсидиялау туралы келісім) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады. Оның ережелерін Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушы Бағлан Бекбауов баяндады.

Келісім Дүниежүзілік мұхитқа шығу мүмкіндігі бар елдерде теңізде балық аулауды және онымен байланысты қызметті жүзеге асыруды реттейді. Ол заңсыз, хабарланбайтын және реттелмейтін балық аулауға берілетін субсидияларды шектеу арқылы балық ресурсын сақтауға бағытталған.

Сонымен қатар мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері бойынша түзетулер екінші оқылымнан өтті. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева деректерді басқару және статистикалық ақпаратты қалыптастыру тәсілдерін қайта қарау үшін құқықтық жағдай жасалып жатқанын атап өтті.

— Заңға сәйкес, әкімшілік деректердің сапасын бақылау енгізіліп, Ұлттық статистика бюросы уәкілетті орган болады. «Ұлттық регистрлерге» құқықтық мәртебе беріледі. «Электронды үкімет» ақпараттық-коммуникациялық платформасының жұмысын құқықтық реттеу өзгерді. Бұл кросс-платформалық цифрландыру моделіне көшуді аяқтайды. Деректер орталық-

тарының қызметін құқықтық реттеу ұсынылады. Қазақстан аумағында бұлтты технологияларды қолдану тәртібі енгізіледі, — деді депутат.

Мәжіліс екі жаңа ратификациялық заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олар: мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісім; Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы мәдени орталықтарды өзара құру жөніндегі келісім.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 17 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Нартай Сәрсенғалиев Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған сауалында санитарлық авиациядағы проблемаларды көтерді. Мысалы, мамырайында Қостанай облысында санитарлық рейстің су үстінде төбесімен төңкеріліп жатқанын көпшілік көрді. Қостанайда суға қонымын деп төбесімен төңкеріліп түскен санавиацияға тиесілі АН-2 ұшағы біраз былықтың бетін ашты. Қазбаллап кеп жібергенде жантүршігерлік жайттар әшкере болған. 2019-2023 жылдары санитарлық авиация желісінде 11 оқиға оқиға, 5 авиациялық оқиға тіркелген. Соның тең жартысы АН-2 ұшағының еншісінде.

«2023 жылы санитарлық авиацияға 11,9 млрд теңге жұмсаған саладағы сорақылықты санап атайын. Біріншіден, Қазақстандағы санавиацияда қолданылатын АН-2 — Кеңес кезінде, яки 1947 жылдан бастап шыққан ұшақ.

Ал ЯК-40 — 1966-1981 жылдары құрастырылған әуе көлігі. Табиғи байлықтың бәрі табанының астында жатқан еліміздің санитарлық рейстерінде орташа қызмет ету мерзімі 40 жылдан асқан ұшақтар ұшып жүр. Ең сорақысы, Қазақстанның санавиациядағы АН-2 ұшақтары АИ-95 маркалы автомобиль бензинімен ұшып жүр. Ойлап көріңіздер, аспанмен адам құтқаруға аттанатын ұшаққа жерде жүретін автокөліктің жанармайын құйып жүрген ел атандық. Осыдан кейін санитарлық авиациядағы апаттарға ешкім таң қала қоймас. Қазақстандағы санавиация апаттарының тең жартысы осы ескі ұшақтардың еншісінде екенін алдында айттым. Мұның барлығы Жоғарғы аудиторлық палатаның есебінде де көрсетілген», — деді ол.

Келесі бір депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жарқынбек Амантайұлы әрбір азаматтың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесін көтерді.

«Жарылыстар болған аймақтарда тұрған халықтың денсаулығына ядролық сынақтардың тікелей әсері болғанын, олардың денсаулығына айтарлықтай нұқсан келгенін және оның адамның жасы ұлғайған сайын күшейе түсетініне күмән келтіруге болмайды. Сондықтан олардың барлығы да ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтардың қатарына жатады. Еліміз әр азаматтың өмірі мен денсаулығын қорғауды бірінші кезекке қоятын әлеуметтік мемлекет екенін ескерсек, онда ядролық жарылыстар болған кезінде аталған аймақтарда тұрған, бірақ

кейіннен түрлі жағдайда байланысты әртүрлі мәселелермен басқа өңірлерге қоныс аударған адамдар тиісті әлеуметтік қолдау шараларын алуға тиіс деп есептеймін», — дейді депутат Ж.Амантайұлы. Сонымен қатар мәжілісмен ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтардың барлығына заңмен көзделген жеңілдіктер бірдей берілуі үшін аталған мәселені мүдделі мемлекеттік органдармен жан-жақты қарастыруды сұрады.

Ал депутат Данияр Қасқарауов жалпы отырыста бірқатар мәселені, атап айтқанда кей аудандардағы инфрақұрылым мәселесі, ауылдардың әлеуметтік мәселесі, жер, мектеп сияқты проблемаларды қозғайды.

«Президенттің маңызды шешімімен елімізде жаңа үш облыс пайда болды. Оның ішінде Алматы облысы екіге бөлінді. Біздің облыста арнайы Алатау қаласы бой көтерді. Бұл біздің өңір үшін Президент тарапынан едәуір қолдау. Дегенмен әлі де өңіріміздің аудандарындағы инфрақұрылым мәселелері шешілмейтіндей жағдайда қалып отыр. Мысалы, шалғайдағы аудандарды айтпағанда, Алматы қаласының іргесінде тұрған Қарасай ауданының проблемалары шаш етекпен. Мысалы, сол жердегі Кемертоған ауылының әлеуметтік мәселесі ұшығып тұр. Жарық, жол және суға жарымған жұрттың төзімі ебден таусылған. Жер алып, үй салған халық электр энергиясын қосу үшін 300-500 мың теңге төлеуге мәжбүр. Бірақ техникалық талаптарға сай келмейтін желілер жүзіліп, тұрғындардың тұрмыстық техникалары күйіп жарамсыз болуда», — деді ол.

Д.Қасқарауов Қарасай ауданындағы жер мәселесі де ұшығып тұрғанын айтты. «Көкініштісі, су қорғау белдеулерінің аумағында жаппай құрылыс орын алуда, Іле-Алатауы ұлттық саябағының қорғау аймағында, мүрделердің санитарлық қорғау аймағында тұрғын үйлер соғылуда. Рекреациялық аймақтар қысқарған. Оған қоса, үш ауысымды мектептердің мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Әсіресе, Іле, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Талғар аудандары мен Қонаев қаласының өзінде үш ауысымды мектеп мәселесі күйіп тұр. Қазір осы аталған аудандарда шамадан тыс жұктемесі басым 82 мектеп бар. Оған дәлел, облыстың 22 ірі ауылында осы күнге дейін мәдениет үйлері мен ауылдық клубтар жоқ, 25 мәдениет үйі мен клубтар апатты жағдайда тұр. Сондай-ақ 25 мәдениет нысаны жөндеуді қажет етеді.

Ақмарал АСАНҚЫЗЫ

## ӨТЕМАҚЫ АЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

«AMANAT» партиясы Атырау облысы Құлсары қаласындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетуді жалғастыруда. Өңірде партия жанынан құрылған мобильдік топ су басқан үйлерді зерделеу және бағалау қорытындыларын шығарды.



Бүгінде Құлсары қаласындағы су басқан 2 583 үйді техникалық зерделеу және бағалау қорытындысы дайын болды. Оның ішінде үйі суға кеткен 1 594 адам өтемақы алу туралы келісімге қол қойса, 1 200-ге жуық тұрғынның жеке шоттарына өтемақы қаражаты аударылды. Оның ішінде 722 тұрғын баспана сатып алуға және 443 тұрғын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына төлем алды.

«Жалпы, мобильдік топтың құрамына «AMANAT» партиясы Жылыой аудандық филиалының қызметкерлері, аудандық мәслихат депутаттары және бастауыш партия ұйымдарының өкілдері кірді. Олар бүгінгі күнге дейін

2 500 үйді зерделеу, бағалау жұмыстарын қорытындылады», — деді «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасы Абдолла Идресов.

Өңірде әлі су тасқыны қаупі сейілген жок. Өз кезегінде «AMANAT» депутаттары табиғи апатпен күрес жұмысы аясында ұзындығы 21,2 шақырымды құрайтын дамбаны тұрғызып қалды. Бөгет бастауы 7 учаскені қамтиды.

Бөгет салу жұмысына «AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев тікелей атсалысып, бүгінде аймақтағы ахуал тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

«Сын сағатта «AMANAT» партиясы да игі істен шет қалмай, атыраулықтарға қолғабыс танытты. Партия депутаттары дамба салынған учаскелерді басқарып, керек-жаракпен қамтамасыз етуге көмектесті. 21,2 шақырым бөгет тұрғызу жұмысы аясында 120 техника жұмылдырылып, 700 мың текше метр топырақ төгілді. Жалпы, дамба салу жұмысында атыраулықтардың ауызбіршілігі мен ұйымшылдығы игі істі дер кезінде аяқтауға ықпал етті», — деді Эльдар Жұмағазиев.

Айта кетейік, қарғын су салдарынан зардап шеккен үйлердің залалын бағалау және техникалық сараптама қорытындыларын түсіндіру бойынша аудан көлемінде жүйелі жұмыстар жалғасуда.

## «БАЛАЛАРЫМЫЗ – АМАНАТЫМЫЗ!» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ



Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «AMANAT» партиясы «Шин-Лайн» компаниясымен бірлесіп жыл сайынғы «Балаларымыз – аманатымыз!» республикалық қайырымдылық жобасын жалғастырып келеді.

Алматыда Наррулон аттракциондар саябағында арнайы мамандандырылған мекемелерде тәрбиеленіп жатқан 100-ге жуық бала мерекеле қуанышқа бөленді.

Балаларға аниматорлармен ойындар, аквагим, түрлі шоуы мен шеберлік сабағын қамтитын бағдарлама ұсынылды. Балалар аттракциондар мен ойын лабиринттерінде көңіл көтеріп, фото-аймақтарда суретке түсті.

— Әр бүлдіршін — еліміздің болашағы. Мемлекет пен партия балаларды сапалы біліммен, салауатты өмір салтына қолжетімділікпен және жан-жақты даму мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете отырып, олардың жағдайын жақсарту үшін бар күшін салады. Біз әрбір бала арманын іске асыра алатын, еліміздің дамуына елеулі үлес қоса алатын белсенді және жауапты азамат бола алатындай жағдай жасауға ұмтыламыз, — деп атап өтті «AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров.

Өртүрлі шығармашылық топтардың қойылымы және қызықты химиялық шоу балаға арналған ерекше сыйлыққа айналды. Мерекеле ба-рысында балаларға жаздың нағыз символы —

балмұздақ ұсынылды, ал іс-шара соңында балаларға түсікі ас берілді.

— Біз Қазақстанның әр қаласы мен өңіріндегі мамандандырылған мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балаларға балмұздақ арқылы қуаныш сыйлаймыз. Былтырғы акцияның қорытындысы бойынша корпоративтік қайырымдылық қоры ашылды, соның арқасында Қазақстан аумағында вафли стаканындағы «Мишка на полюсе» балмұздақ сатылымының 1%-ы қайырымдылыққа жұмсалады. Қолдауға мұқтаж әрбір бала біздің қамқорлығымызды сезінуі маңызды, — деп атап өтті «Шин-Лайн» компаниясы тобының президенті және қалалық мәслихат депутаты Андрей Шин.

«Балаларымыз — аманатымыз!» қайырымдылық жобасы Қазақстанның 20 өңірін қамтиды, республика бойынша 100 мамандандырылған мекемеден 10 мыңға жуық балаға жүйелі қайырымдылық көмек көрсетеді. Ұйымдастырушылар мұндай қайырымдылық жобалар жақсы дәстүрге айналып, болашақта жүйелі түрде өткізіледі деп үміт білдірді.

## ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ



«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы «Құқықтық көмек» жобасы аясында шалғай елді мекендерде көшпелі қоғамдық қабылдау өткізу жұмысын жалғастыруда. Мәселен, жуырда кезекті қабылдау Қазығұрт ауданы Қарабау ауылдық округі Сынтас елді мекенінде өтті.

Ауылдық спорт кешеніне жиналған жұртшылықтың қарасы қалың болды. Жүздесуге «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбеталиев, Қазығұрт ауданының әкімі Азизхан Исмаилов, облыстық мәслихат депутаты Нұржан Әшіров және партияның өңірлік филиалы Қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Манат Жадақова қатысып, тұрғындардың өтініш-тілегіне құлақ түрді.

Тұрғындар облыстық прокуратураның, құқық қорғау органдарының өңірлік құрылымдарының жауапты өкілдеріне, Мемлекеттік кірістер департаментінің лауазымды тұлғаларына, адвокаттар алқасының, нотариаттық палатаның, сот орындаушылар қауымдастығының мүшелеріне, Орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменті мен облыстық ұйымдардың қызметкерлеріне, Облыс әкімдігінің салалық басқармаларының және аудан әкімдігінің өкілдеріне, аудандық мәслихат депутаттарына өздерін толғандырып сұрақтарын қойып, нақты жауап алды.

Азаматтар ауызсу мәселесін шешу, байланыс сапасын арттыру, көшелерге асфальт төсеу, ойын алаңдарын ашу, білім беру нысандарын салу, медициналық ұйымдар желісін ұлғайту, спорт инфрақұрылымын жақсарту сынды бірқатар мәселе көтерді. Тұрғындардың өтініш-тілегі хаттамаға енгізіліп, бақылауға алынды. Алдағы уақытта бұл мәселелер даму бағдарламалары мен қысқамерзімді жоба-жоспарларға енгізіледі.

Мәселен, Үлгілі елді мекенінің Ермахан Аршабаев, Сынтас ауылының Сүндет Керімов, Рабат ауылының Ералы Сәрсенов, Жаңабазар ауылының Жазира Танкеева есімді тұрғындары «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберіндегі өздерін толғандырып сұрақтарын қойды. Ал Тұрбат ауылының азаматтары ауызсу, газбен қамту, электр желісі бағаналарын жанарту мәселелерін қозғалды. Ағын су, жол құрылысы, жол белгілерін орнату, медициналық сараптамадан өту мәселелері де жиі көтерілді.

## АСТАНАЛЫҚ ВОКЗАЛДА ОЛҚЫЛЫҚ КӨП



Астана қаласындағы Гете, 1 көшесінде орналасқан теміржол вокзалында ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған демалыс бөлмесі, пандустардың техникалық параметрлері және арбаға таңылған мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы баспалдақтар заман талабына сай келмейді.

«AMANAT»-тың Астана қалалық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері осындай қорытындыға келді.

Аманаттықтар Астанадағы Гете, 1 көшесінде орналасқан теміржол вокзалында партиялық бақылау комиссиясының көшпелі отырысын өткізіп, ерекше қажеттілігі бар адамдарға көрсетілетін қызмет сапасымен танысты. Вокзалдағы демалыс бөлмесі мен дәретханалардың тозығы жетіп тұр. Бұған қоса, өткелдер мен арбаға танылған мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы баспалдақтарда жанарту жұмысын жүргізу қажет.

«Біздің мақсатымыз — вокзалға келіп, осында атқарылып жатқан жұмысқа сын айту емес, тұрғындар тарапынан көтерген мәселелердің он

шешімін табу. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін үнемі мониторинг жүргізіп отырамыз», — деді «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Вокзал өкілдері партиялықтардың сынына жауап ретінде ғимарат өткен ғасырда салынғанын атап өтті. Ал күрделі жөндеу жұмысы биыл тамыз айында жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Айта кетейік, мүгедектігі бар адамдарға арналған лифтілер, қызметкерлерді шақыру механизмдері, арнайы демалыс бөлмесі мен дәретхана, индукциялық панельдер ескі болса да штаттық режимде жұмыс істеп тұр.



«AMANAT» партиясы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында республика деңгейінде өтетін дәстүрлі байқаудың басталғанын хабарлайды.

## «AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ»

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР  
ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің әлеуетін арттыруға бағытталған ашық байқауда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалар, «Адал азамат», жастардың қоғамдағы рөлі, Алаш қозғалысы және тағы басқа.

«AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» БАҚ жанрлары бойынша емес, тақырыптық бағыттар бойынша ұсынылған үздік жұмыстарға беріледі.

Өтінімдер 28 мамырдан 20 маусымға дейін қабылданады. Биылғы байқаудың үздіктері «AMANAT» медиа сыйлығы мүсіншесімен және қаржылай сыйлықпен марапатталады.

Байқау жеңімпаздары екі бағыттағы он номинация бойынша анықталады.

Тақырыбы бойынша номинациялар:

- 1) «Еліміздегі реформалар туралы үздік материал»;
- 2) «Адал азамат туралы үздік материал»;
- 3) «Жастар туралы үздік материал»;
- 4) «Аймақ туралы ең үздік материал»;
- 5) «Партия жұмысы туралы үздік материал»;
- 6) «Алаш» қозғалысы туралы үздік материал»;
- 7) «Біз біргеміз» — су тасқынымен күрес туралы үздік материал».

Арнайы сыйлықтар:

Шерхан Мұртаза және Камал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» сыйлығы;

«Белсенді азаматтық ұстанымы үшін» сыйлығы;

Қаныш Сәтбаев атындағы «Ғылым әлемі» сыйлығы.

Толық ақпаратты [amanatpartiasy.kz](http://amanatpartiasy.kz) сайтынан алуға болады.

Байланыс үшін: 8-7172-70-76-25, 8-7172-70-76-28, 8-7172-24-95-02

Электрондық мекенжай: [media\\_premiya@amanatpartiasy.kz](mailto:media_premiya@amanatpartiasy.kz)

Тарих дөңгелегі алмағайып заманның сүрлеуіне түсті. Геосаяси конъюнктурада дүрдараздық, сенімсіздік риторикасы ушығып тұр. Соның ішінде үш алпауыт мемлекет – АҚШ, Ресей мен Қытай қатынасы санкция мен сауда соғысын қойып, ашық теке-тіреске айналып барады. Мұндай ахуал олардың төңірегіндегі елдерді белгілі бір шешімдер қабылдауға итермелейді.

Нұрлан ҚОСАЙ

## БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ДИПЛОМАТИЯ МЕН ДИАЛОГ

Осынау аумалы-төкпелі уақыттағы Қазақстанның позициясын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур сапарында айқын жеткізді.

46-шы Сингапур лекциясында «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәріс оқыған Президент жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету және ондағы орта державалардың рөлі туралы маңызды ой-пікірімен бөлісті.

Айта кетейік, Сингапур лекцияларын 1980 жылдардан бері Юсоф Исхак институты (ISEAS) ұйымдастырып келеді. Мұнда саясаткерлер, дипломаттар мен жас ғалымдар түрлі мемлекет басшылары мен әлемдік деңгейдегі көрнекті саясаткерлердің ұстанымдарын тікелей тыңдауға мүмкіндік алады.

«Біз геосаяси шиеленістен бастап, макроэкономикалық қиындықтарға дейінгі және жиілей түскен климаттық апаттар секілді қаншама дағдарыспен бетпе-бет келіп отырмыз. Қауіпсіздік архитектурасының іргесі жылдам сөгіліп барады, әлемдік державалар арасында бір-біріне сенімсіздік таныту үрдісі үдей түсті. Шамасы, Қырғи-қабақ соғыстан кейін орнаған «бейбітшілік несібесі» түгесілуге жақын. Өйткені былтыр әлем елдерінің әскери салаға жұмсаған шығындары 2,2 триллион долларға дейін жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Демек, қаруланудың жана бөсекесі басталды. Қанша күш-жігер жұмсалғанына қарамастан, адамзат жана әскери қақтығыстардың құрбанына айналады. Экстремизм, терроризм, кибернетика, ғарыш, жасанды интеллект, климаттың өзгеруі, жаппай миграция және эпидемия туындатқан түйткілдер жаһандық қауіпсіздіктің жағдайын одан сайын ушықтыра түсті. Алайда Астана мен Сингапур дамып келе жатқан орта державалар ретінде мұндай бөліну мен жіктелуге көз жұмып қарай алмайды. Қауіп-қатер өте зор. Егер шара қабылдана, тағы бір қырғи-қабақ соғыс зобаланына тап келуіміз әбден мүмкін», — деді Президент.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан жолымен алға қадам басып келе жатқан еліміз жауапты дипломатияның қағидаттары мен құндылықтарын қатаң сақтауға бейілді екенін жеткізді.

«Барлық сыртқы серіктестеріміз Астананың қандай ұстанымда екенін жақсы түсінеді. Сондықтан бізді сенімді әріптес санайды. Біз «Жаһанданды жақтайтын Қазақстан» ретінде бүкіл әлеммен ашық қарым-қатынас жасауды жалғастыра береміз. Бұл – біздің еліміздің сыртқы саясаттағы бағдары. Тұрақсыздық ұзақ уақытқа созылған жана дәуірде тек осылай ғана жетістікке жете аламыз. Сол себепті бізге қазіргі қалыптасқан ахуалға бей-жай қарауға болмайды. Дүниежүзімен ашық қатынас жасай отырып, біз сыртқы

# ЖАҒАНДЫҚ БІРЛІКТІ ЖАҚТАЙТЫН

# ҚАЗАҚСТАН



сын-қатерлерге қарсы күресте қырағылық танытып, проактивті түрде әрекет етеміз. Қазақстанның заңды құқықтары мен максатын қорғау ісінде тартынып қалмаймыз, еліміздің басты мүддесін құрбан етуге ешқашан жол бермейміз. Кейде біздің ұстанымымызға күмәнмен қарайды, бейтараптығымыз үшін сынайды. Бірақ мұны өз көзқарасы, сенімі жоқ деп қабылдамаған жөн. Керісінше, оны қақтығыс пен мәжбүрліктің орнына саналы түрде дипломатия мен диалогті таңдау деп түсінген абзал. Бұл таңдау – территориялық даулардан бастап, идеологиялық қақтығыстарға дейінгі түрлі қайшылықты өңсереу септігімізді тигізуге мүмкіндік беретін біздің мықты қырмыз», — деді Президент.

Мемлекет басшысы өзара сыйластық пен ортақ максаттарға негізделген әріптестік қатынастарды нығайтуға және баршаға ортақ белгілі әрі жарқын болашақ құру жолында күш біріктіруге шақырды.

## СИНГАПУРДЫҢ ТАҢДАЛҒАНЫ БЕКЕР ЕМЕС

Президенттің «Сингапур лекциясы» сарапшылар ортасында да жылы қабылданып, жан-жақты талқыға түсіп жатыр.

«Біздің бейтарап саясат бірінші кезекте жауапкершілігі жоғары дипломатиямен ерекшеленеді. Сонысы үшін де оған әлем елдері түсіністікпен қарап отыр. Оны соңғы жылдары елімізге келіп жатқан көптеген шетелдік мемлекет басшыларының, қайраткерінің және де түрлі деңгейдегі делегацияның пікірін аңғаруға болады. Олардың бір де бірі біздің елдің сыртқы саясаты туралы теріс пікір айтқан емес. «Қазақстан неліктен осындай позицияны ұстап алған» деп түсінбеушілік танытқан жоқ. Себебі біздің ұстаным, «түйеқұс сияқты басын құмға тығып алған» бейтараптылық емес, жана айтқанымыдай, жауапкершілігі жоғары дипломатияға құрылған. Ол біздің Тәуелсіздік алғалы тандап алған көпвекторлы саясатымыздың заңды жалғасы. Әртарапты болу қаншалықты дұрыс бағыт болған болса, бейтарапты болу да сондай дұрыс шешім. Осылайша, біз Тәуелсіздігімізді сақтап қала отырып, одан әрі дамуымызды жалғастыра беретін бола-

мыз», — дейді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айгүл Құспан.

Оның айтуынша, Қазақстан ішкі саясатында мемлекетті өз халқы, азаматтары тұрғысынан қарастырады. Институт ретінде емес, адам ретінде, халық ретінде, онда да «қазақ халқы» ретінде бағалайды. Оның мүддесі мен мүмкіндіктері жолында қызмет етеді. Халқымызды қалай аман сақтап қалуға болады деген тілекпен өмір сүреді. Мұны өзінде халқымыз толық аңғармай отырған болу мүмкін, бірақ Президентіміз жақсы түсінеді. Міне, осы ішкі саясаттағы ұстаным Мемлекет басшысы үшін сыртқы саясатта да қозғаушы күшке ие болып отыр. Мұнысын ол Сингапурде өте терең мағынада атап өтті.

«Мұндай мөлдіме жасау үшін Сингапурдың таңдалып алынуы тегін емес. Өйткені бұл ел әлем елдерінің барлығымен ортақ тіл табысып, әріптестік орнатқанының арқасында гүлденіп отырған мемлекет. Соның ішінде АҚШ-пен де, Қытаймен де таразы басын тең ұстап отыр. Өздерінің сарабал сыртқы саясатының арқасында көптеген елге үлгі. Мұны біздің Президент өте жақсы түсінеді. Сондықтан да сол алаңда айтылған ой тыңдаушы-адресатына жететінін, жетіп қана қоймай, белгілі бір шешімдерге негіз болатынын түсінеді. Мұнда да үлкен саяси астар жатыр», — дейді Айгүл Құспан.

Депутаттың айтуынша, Қазақстан — сыртқы саясатта өзінің жолы бар, төл моделі қалыптасқан ел. Алпауыт державалардың арасында қиыннан қиыстырып, өз ұстанымымызды ұқсаста алу — қазақ дипломатиясының сан ғасырлық тарихи дәстүрі. Тек бүгінгі ахуал жаһандық аспектілермен күрделеніп отыр. Геосаяси аренада ойыншылар көбейді. Солардың бәрімен ортақ тіл табысу — заман талабы. Міне, Сингапурмен арада осындай ұқсастық бар.

## ОРТА ДЕРЖАВАЛАРДЫҢ ОРНЫ

Негізінен, мұндай бастама Президенттің осыдан екі жыл бұрынғы Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының диалогтеріндегі баяндамасында айтылған

болатын. Ол сол кезде орта державалардың қазір рөлінің артып келе жатқанын, соның ішінде, әлемдегі түрлі кикілжің мен қақтығысты, түрлі жаһандық мәселені шешуде орта державалардың дауысы естілуі керек екенін айтты.

«Осы бастаманың жалғасы ретінде Сингапурдегі дәрісті, Евроньюстегі мақаланы айтуға болады. Бұл жерде Президенттің басты тезисі жаһандық саяси жағдаймен, әлемдік державалар арасындағы шиеленістер мен қақтығыстардың күшеюіне сипатталады. Оның ішінде, ең маңыздысы — әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікке нұқсан келтіретініне назар аудартып отырғаны. Өйткені Украинадағы, Таяу Шығыстағы, Үнді-Тынық мұхитындағы түрлі қақтығысты алып қарар болсақ, ол жерде ірі державалардың мүдделері жатыр немесе қандай да болмасын біржақты қолдауы бар. Соның нәтижесінде ол қақтығыстар шешілмей, тараптар мәмілеге келмей, қандай да бір дипломатиялық құралдар әлсіз боп, келіссөздер нәтижесіз қалып жатыр. Осы тұрғыда Мемлекет басшысы «Дамыған елдер қатарына қосылу үрдісін бастан өткізіп жатқан Қазақстан сияқты орта державалардың дауысы ескерілуі керек» деп ұсыныс айтып отыр. Бұл жай ғана ұсыныс емес, нақты істермен нақтыланып жатқан ізгі ниеттер бастамасы», — дейді саясаттанушы Қазбек Майгелдинов.

Қазақстан Сирияға байланысты Астана процесстерін, миграция мен босқындарға байланысты Алматы процесстерін өткізді. Одан өзге түрлі қақтығысты дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуде өз платформасын ұсынуға. Мұндағы бастамалар нәтижесіз де емес. Сондай-ақ Қазақстан Президенті жаһандық проблемаларды талқылау немесе бірлескен шешімдер өзінше үшін алаң ретінде Астана халықаралық форумын өткізуді ұсынып отыр. Мұндай форумдар климаттың өзгеруі, экономикалық теңсіздік, аймақтық қақтығыстар сияқты жалпы мәселелерді шешуге ықпал етеді. Бұл тұрғыда биыл біз төрағалық ететін Азиядағы өзара іс-қимыл жөніндегі диалог алаңы осындай жаһандық мәселелерді шешуде тиімді алаң екенін көр-

сетті деп айта аламыз. Алдағы уақытта, әсіресе аймақтық деңгейдегі қақтығыстарды шешуде осындай платформалар өзінің өміршеңдігін көрсететініне назар аудару қажет.

«Сингапурда дәріс оқыған кезде Президент Қазақстан өзінің көпбағытты саясаты мен бейбіт өмір сүру тәжірибесімен басқа ел үшін үлгі болатынын айтты. Мысалы, көпвекторлық ұстанымның өзіндік негізі барын, Қазақстан өзінің географиялық орналасуына байланысты жан-жақты қатынастармен қоса, ұлттық мүдделерді де тең ұстап отырғанын жеткізді. Көпвекторлық дегеніміз, бұл — «бірнеше үстелде отыру» саясаты емес, керісінше кез келген мәселеде мультилатерализм саясаты арқылы өз мүддесін ескере отырып, еш қақтығыссыз, дипломатиялық келіссөздер арқылы саясат жүргізу. Әлемде территориясы жағынан тоғызыншы орындағы мемлекет бола тұра, Қазақстан көршілес елдермен делимитация және демаркация мәселесінде проблема жоқтығын көрсетті. Бұл — дипломатиялық қарым-қатынастар мәселесіндегі келісімдердің қорытындысы. Сонымен қатар еліміз көпұлтты, түрлі дін конфессияларының өкілдері бар екеніне қарамастан тұрақтылық саясатын ұстана алып отыр. Бұл модель шын мәнінде басқа мемлекеттер үшін үлгі бола алады», — дейді Қазбек Майгелдинов.

Оның айтуынша, Президент заманауи сын-қатерлер жағдайында халықаралық қоғамдастық (ұйымдар мен блоктар) тұрақты және әділ әлемдік тәртіпке қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге тиіс екенін атап өтті. Бұл өте маңызды. Өйткені климат болсын, ауызу немесе азық-түлік қауіпсіздігі болсын — барлық мемлекет үшін ортақ мәселелер. Бірақ өкінішке қарай бүгінде бірлесу жұмыс істеу қағидаға қауқарсыз болып тұр. Жалпы айтқанда, Мемлекет басшысының дәрісі қазіргі халықаралық саясаттағы орта державалардың рөлінің маңыздылығына баса назар аударады. Өрі ынтымақтастық пен диалог арқылы мультилатерализмді нығайту бойынша нақты қадамдар ұсынады.

Әлбетте, дәл қазіргі геосаяси аумалы-төкпелі дәуірде біз сияқты елдерге ең дұрысы — бейтараптық және қақтығысты диалогпен шешу жағында болу. Мұндай пікірді саясаттанушы Асхат Касенғали да жақтайды.

«Мәселен, XX ғасырдың екінші жартысында, яғни қырғи-қабақ соғыс дәуірінде екі блоктың арасындағы саяси-идеологиялық, әскери қақтығысқа қатыспайтынын айтып, бейтарап қалған елдер бар. Олардың саны өте көп болды. «Біз бәрімен тең қатынас ұстаймыз және экономикалық байланысымызды үзбейміз» деген пайымда болды. Негізгі максаттары державалар арасындағы қақтығысқа араласып, құрбан болып кетпейік дегендері еді. Өйткені Вьетнам, Лаос, Камбоджа мемлекеттерінде қырғи-қабақ соғыстың қалай өткенін білеміз.

Қазіргі біздің ұстаным да соған ұқсас. Әлемде милитаризм саясаты үстемдік құра бастады. Қақтығыс ошақтары артуға. Державалар түрлі тілмен, ым-ишарамен «сен кіммен бергісің» деген сұрақты қойып жүр.

Біздің жауап: «Біз бейтараптық, қақтығыстарға қатыспаймыз, халықаралық құқықтар мен құжаттардың, БҰҰ-ның жарғысының сақталуын, елдердің территорияларының тұтастығын қолдаймыз» болуға тиіс», — дейді саясаттанушы Асхат Касенғали.

Сарапшылардың сөзінің жаны бар. Қазақстан экономикасы әртарапты, саясаты бейтарапты ел болып қала беруге тиіс.

# ОТБАСЫН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ — «БАЛАҢА УАҚЫТ АРНА!»

Отбасы институтын нығайту және оның қоғамдағы рөлін арттыру — «AMANAT» партиясының Саяси тұғырнамасындағы негізгі басымдықтардың бірі. «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты ата-аналар балаға көбірек көңіл бөлуі үшін «Балаңа уақыт арна!» акциясын жариялады.

Осылайша, Әйелдер қанатының мүшелері кәсіподақтар мен орталық мемлекеттік органдардың өкілдерімен акцияның негізгі аспектілерін талқылады. «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринаның айтуынша, акция жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы жұмыс беруші-отбасылы адам — қызметкер-отбасылы адам» рөліндегі өзара қолдау және жауапкершілік қағидаттарына негізделген іс-қимылдың жана үлгілерін дамытуға мүмкіндік береді.

«2024 жылы сәуірде әйелдер мен балалардың құқығын қорғауды күшейтін заңдар қабылданды. Бұл қадам отбасы институтын нығайтуға ықпал етті. Біздің негізгі міндетіміз — балаларды отбасы арқылы тәрбиелеу, адамгершілік құндылықтары мен гуманизмді насихаттау және балаларға қолайлы орта құру. Барша азаматты біздің бастамамызды қолдауға шақырамыз. Қызметкерлер отбасымен көбірек уақыт өткізуі үшін еңбек тәжірибесіне өзгерістер енгізу қажет. Осы арқылы еңбек жағдайы да, отбасылардың әл-ауқаты да айтарлықтай жақсарары», — деді ол.

«AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының тең төрағасы Екатерина Смышляева отбасын, ана мен бақытты балалық шақты



қорғауға лайықты жағдай жасау үшін өндірістік қатынастарды заннамалық қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті.

«Өндірістік қатынастарды заннамалық қамтамасыз ету қадамдары жұмыс істейтін ата-аналарды қолдау шараларын, бала тәрбиелеу және отбасылық құндылықтарды нығайту үшін қолайлы жағдай жасау амалдарын көздеуге тиіс. Заннамалық бастамалар тек еңбек құқықтарын сақтап қана қоймай, сонымен қатар балаларымыздың салауатты әрі қауіпсіз дамуына жағдай жасай отырып, кәсіби және отбасылық өмір арасындағы үйлесімнің тепе-теңдігін қамтамасыз етуі маңызды», — деді ол.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының тең төрағасы Үлнар Бижанова тақырыптық әлеуметтік

зерттеулер жүргізуді ұсынды.

«Біз кәсіподақтардың әлеуетін пайдаланып, мінез-құлық үлгілеріне әсер етуіміз керек. Түптеп келгенде, отбасы — мемлекеттің негізі. Сондықтан бұл тақырыпқа неғұрлым қарауға болмайды. Отбасына және отбасы өміріне әлеуметтік зерттеулер жүргізу қажет. Тақырып ауқымы — кең. Бұл — жас отбасылар, көпбалалы отбасылар, білім ошағымен қарым-қатынас және тағы басқа. Мұндай құрылымдық әлеуметтік зерттеулер алдағы уақытта заңдар мен тұжырымдамалардың негізі бола алады», — деді ол.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назғұл Сағындықованың айтуынша, аталған акцияны жүзеге асыру үшін өндірістік қатынастар процесінде еңбек заннамасын қатаң сақтау қажет.

«Еңбек заннамасының сақталуы — отбасылық құндылықтар мен оның әл-ауқатын қолдау үшін лайықты жағдай жасауға мүмкіндік беретін негізгі фактор саналады. Бұл — қазақстандық қоғамда отбасын сақтап қалудың ажырамас бөлігі. Әділ еңбек жағдайын қамтамасыз ету — ата-аналардың бала тәрбиесіне көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік беру арқылы отбасылық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді. Бұл қадам біздің қоғамның тұрақтылығы мен денсаулығын нығайтады», — деді ол.

Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешев барша қызметкер үшін әлеуметтік әділдік пен тең мүмкіндікті ілгерілету мәселесіне назар аударды.

«Қазақстанның мемлекеттік саясаты әйелдердің экономика мен саясаттағы мүмкіндіктерін кеңейту шараларын жүйелі жүзеге асыруда. Бұл қадам олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етеді. Елімізде аналар мен жұмыс істейтін әйелдердің құқығын қорғайтын заннамалық база құрылды. Ал кәсіподақтар гендерлік теңдікті қолдау және еңбек жағдайын жақсарту мәселесінде шешуші рөл атқарады. Жұмыс істейтін әйелдердің құқығын қорғау, лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету және біздің қоғамдағы әйелдердің әлеуметтік мәртебесін нығайту жұмысын бірге жалғастырайық», — деді ол.

Әкелер одағының төрағасы Максұтбек Айтмағанбет баланың тұлғалық қалыптасуына тек ата-ана ғана емес, қоршаған орта да әсер ететінін еске салды. Өз кезегінде, Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан балаларға, әсіресе жазғы демалыс кезінде қауіпсіз әрі пайдалы жұмыспен қамту турлерін құрудың маңызын еске

салды. Бұл ретте Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті Ювеналдық полиция және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау басқармасының бастығы Әсет Оспанов көмектеге толғағандар арасындағы құқықбузушылықтың алдын алу мәселесіне тоқталды.

Сондай-ақ жиында QAZAQMETAL K&I PODAGY төрағасының орынбасары Раушан Даумова, «Мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподағы» ҚБ төрағасы Светлана Иманқұлова, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы Айгүл Мұқашева және тағы басқалар қатысты.

Айта кетейік, жыл басынан бері «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелерімен бірге әйелдер құқығы мен балалар қауіпсіздігі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, мүгедек балалары бар отбасыларды қолдау, психологиялық қызмет, өндірістегі әйелдердің қауіпсіздігі, гендерлік бюджетте және сараптама, әйелдердің экономикалық құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту, ғылым және технологиялық даму мәселелеріне қатысты 3 жан жоба бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Инклюзивті қоғамды дамытуға жәрдемдесу мақсатында барлық өңірде «Тең мүмкіндіктер» балалар инклюзивті спорт фестивалі өтті. Сонымен қатар партиялықтар әйелдердің қоғамдағы күн тәртібін ілгерілету бойынша өзге де жүйелі жұмыстарды ұйымдастыруда.

# ЖОШЫ ҰЛЫСЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕР БАС ҚОСТЫ

Сымбат БЕГІМБАЕВА

22 мамырда Ұлт білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Жошы ұлысы: тарихы, мұрасы және тағылымы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Әлемнің әр түркірінен келген Жошы ұлысы тарихын зерттейтін мамандардың басын біріктірген ауқымды іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде аталып жатқан Жошы ұлысының 800 жылдығы аясында ұйымдастырылды.

«Мемлекеттіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы дағуда орай кең ауқымды зерттеулер колға алынуы тиіс», — деп Мемлекет басшысы Жошы ұлысы тарихының казак мемлекеттілігі тарихының маңызды кезеңі екеніне назар аударып, тарихшы ғалымдарға болашақ зерттеу бағыттарын айқындады.

Іс-шарада Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің және Алматы қаласы әкімдігінің арнайы құттықтаулары оқылды. Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, басқарма төрағасы Болат Анапияұлының конференция қатысушыларына арналған алғысөзінде Жошы ұлысының тарихын зерттеу — ХІП-ХV ғасырлардағы Жошы ұлысы тарихының өзекті мәселелерін талқылап, кенінен насихаттау, оның тарихына қатысты жаңашыл көзқарастарды бағамдау, әлемдік өркениетте алатын орнын анықтау, сол кездегі этносаяси үдерістерді зерттеу.

Конференцияда Канада, Жапония, Түркия, Ресей, Украина және Қазақстанның белгілі тарихшылары Жошы ұлысы тарихының түрлі аспектісін онлайн және офлайн форматта талқылады. Олар Жошы ұлысы тарихының өзекті мәселелерін талқылап, осы мемлекет тарихына қатысты тың мәліметтермен бөлісті. Баяндама жасаған ғалымдардың ішінен бірнеше шетелдік маманның атын атауға болады. Олар Канаданың Торонто университетінен келген Джю-Юп Ли, Түркиядағы Анкара университетінің профессоры Абдуллах Гюндюгду, Жапонияның ғалымы Хироюки Нагаминэ, қазір Назарбаев университетінде жұмыс істеп жүрген профессор Юлай Шамильоглы. Бұл ғалымдардың жасаған баяндамалары тыңдаушылардың көңілінен шығып, үлкен қызығушылық тудырды. Отандық ғалымдардан баяндама жасаған академиктер Ханкелді Әбжановты, Берекет Кәрібаевты, профессор Клара Хафизованы, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры Амантай Исинді, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, про-



фессор Әбілсейіт Мұқтарды, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің профессоры Мұхтар Қожаны, АБДИ гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Канат Өскенбайды атауға болады. Бұл зерттеушілердің әрқайсысының баяндамасында Жошы ұлысының тарихына қызыққан әр адамға пайдалы ғылыми ақпараттар берілді. Мәселен, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жетекші ғалымдарының бірі, ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Әбжанов өзінің баяндамасында Қазақ мемлекеті тарихы дәуірлеу тақырыбын сөз етті. Қазақ мемлекеттілігі тарихын саралай келе, академик «казак мемлекеттілігінің классикалық және сындарлы дәуірлерде тиісінше әлеуеті, тәжірибесі мен сабақтары мемлекетсіз әкімшілік және номиналды мемлекет дәуірлерінде жойылмағандығын, біржолата сарқылмай, тәуелсіз мемлекет дәуіріне нәр бере алды» деген қорытынды жасады.

Канаданың Торонто университетінің белгілі ғалымы Джю-Юп Ли конференция қатысушыларына Жошының ұлысы (халқы) туралы замандастарының жазғандары туралы баяндама жасады. Араб, парсы, шағайті тіліндегі тарихи дереккөздер негізінде шетелдік ғалым Жошы ұлысының халқы өзбектер, татарлар, тоқмақтар деп аталғанын, ал мемлекет билеушілері атымен Бату ұлысы, Орда ұлысы, Өзбек ұлысы және тағы осындай бірқатар ұлыс аталғанын көрсетті.

Анкара университетінің профессоры Абдуллах Гюндюгдудың Жошы ұлысы мен Осман империясының байланыстарына арналған «Жошы ұлысы дәуіріндегі Анадолия-Дешті Қыпшақ қатынастары» атты баяндамасы да көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Жапонияның ғалымы Хироюки Нагаминэ парсы тіліндегі «Мунтахаб ат-Таварих-и Муни» шығармасын басқа тарихи шығармалармен салыстырып талдаса, отандық ғалым, академик Берекет Кәрібаев Алтын

Орда дәуірінен қалған тарихи сөз тіркестері мен мәтелдер жайында баяндады. Назарбаев университетінің профессоры Олай Шамильоглы баяндамасында Алтын Орда ның саяси құрылымының Қазақ хандығының саяси құрылымына әсері туралы мәліметтер келтірді. Профессор Клара Хафизова қытай тіліндегі «Юаньчао биши» шығармасындағы Жошы бейнесіне тоқталды.

Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры Амантай Исиннің баяндамасы «Жошы Ұлысы негізінде құрылған мемлекеттер, олардың деректерде, халық жайында және зерттеушілер арасында аталуы» деп аталды.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әбілсейіт жазба деректер негізінде ортағасырлық Сарайшық қаласының Жошы Ұлысындағы қоғамдық-саяси, экономикалық, рухани өмірінде маңызды рөл атқарғанын көрсетті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің профессоры, т.ғ.д., Мұхтар Бахалдыұлының да баяндамасы Сарайшық қаласына арналды. Ол тарихи дереккөздердегі Сарайшықтағы құрылыстар жайындағы мәліметтерді археологиялық материалдармен салыстырды.

АБДИ гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Канат Өскенбай «Ортағасырлық Қазақстандағы Жошы ұлысының географиясы» тақырыбына жасаған баяндамасында Жошының Қазақстанның қай аймағына қай жылдары келгенін, қандай өңірлерді мекен еткенін өзі дайындаған карта негізінде көрсетті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті өткізген «Жошы ұлысы: тарихы, мұрасы және тағылымы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы биылғы жылдағы тарих ғылымы саласындағы маңызды оқиғалардың бірі болды. Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған конференцияны университет жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді.

# ҚЫЗҒАЛДАҚ – МӘДЕНИ РӘМІЗДЕРДІҢ БІРІ

28 мамырда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Көркемсурет» кафедрасы және «Көрмелерді ұйымдастыру және шығармашылық туындыларды сақтау» бөлімінің ұйымдастыруымен «Qyzǵaldaq-2024» IV халықаралық студенттік байқау-пленерінің ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатында Академияның ректоры Арман Жүдебаев қатысушыларды құттықтап, оларға сәттілік тіледі. Бұл іс-шараның авторы әрі бастамашысы — Болат Тұрғынбай, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Көркемсурет» кафедрасының меңгерушісі, профессор.

Бұл байқауға «Қызғалдақ атауы неге берілді екен?» деп танырқап жүргендер де аз емес. Қызғалдақ — Қазақстандағы мәдени рәміздердің бірі. Ол көктемнің ғана емес, сонымен бірге жаңа бастамалардың да символы. Қызғалдақ гүлі сонымен қатар бақытпен, махаббатпен және сұлулықпен де байланысты. Ол көбіне қазақтың дәстүрлі кестелерінде, киімдерінде және сәндік-қолданбалы, бейнелеу өнерінде қолданылады.

Зерттеушілердің пікірінше, қазір Қазақстан — қызғалдақтың отаны және таралу аймағы. Орталық Азияда кездесетін қызғалдақтың 64 түрінің 35-і Қазақстанда өседі, 18 түрі Қызыл кітапқа енген. Қазақ даласының сәні болған қызғалдақтар әр көктем сайын гүлдеп, республиканың барлық аумағы дерлік масатты кілемдей құлпырып, көздің жауын алады. Бұл асыра айтқандық емес, казак даласы шын мәнінде жер бетіндегі ең үлкен табиғи гүлзарға айналады.



Арда КЕМЕЛІ



Ашылу салтанатынан кейін іс-шара ұйымдастырушылары студенттерді сурет салуға арналған құралдармен жабдықтап, тапсырма берді. Пленерлік жұмыстар реализм бағытында орындалуға тиіс. Әр қатысушы пленерде кескіндеме бойынша (майлы бояу, акрил, акварель,) екі жұмыстан жазды. Алғашқы күні олар Алматы қаласының көрікті жерлерінен этюд жазу мақсатында Панфилов көшесінің бойына шығып, өздері ұнатқан жерге жайғасты. Бұл сайысқа қатысу арқылы жас суретшілер өз кенептерінде Алматы қаласының сұлулығы мен бірегейлігін түсіруге мүмкіндік алды, сонымен қатар басқа елдерден ат терлетіп келген құрдастарымен мәдени және кәсіби дағдылар алмасты.

Биылғы бұл іс-шараға шетелден және Қазақстанның өзге өңірлерінен қатысқан студенттер саны 22 болды. Олардың арасында Корея, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген сайыскерлер бар. Конкурстық комиссия құрамына Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сының профессор-оқытушылары, Қазақстанның белгілі суретшілері және шетелдік суретші мамандар кіреді.

Кореядан келген сайыскер Суен Кимнің айтуынша, ол бұл доғаға өзге ұлттық студенттерінің жұмыстарын тамашалап, олардың ерекше түстерін көру мақсатында келген көрінеді. Аздап толқып тұрғанын да жасырмады.

«Qyzǵaldaq-2024» IV халықаралық студенттік байқау-пленерінің қорытындылау күні 31 мамырда өткізілмек.

## Ашық тендер амалымен «Ыдыстарды техникалық куәландыру» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Ыдыстарды техникалық куәландыру» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 13, жалпы сомасы 101 895 542,28 тенге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

## Объявление о проведении закупки услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел». (Количество лотов — 13, на общую сумму 101 895 542,28 тенге без учета НДС). Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 июня 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 14 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

## Ашық тендер амалымен «Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 17, жалпы сомасы 164 635 287,50 тенге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

## Объявление о проведении закупки услуг «Утилизация промышленных отходов» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Утилизация промышленных отходов». (Количество лотов — 17, на общую сумму 164 635 287,50 тенге без учета НДС). Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 июня 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 14 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

## Ашық тендер амалымен «ЕАМ жүйесін техникалық қолдау» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ЕАМ жүйесін техникалық қолдау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, 2024-ші жылға жалпы сомасы 72 504 950,00 тенге, ҚҚС-сыз; 2025-ші жылға жалпы сомасы 113 651 509,08 тенге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 10:00-ға дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 14 маусымда, сағ. 12:00-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

## Объявление о проведении закупки услуг «Техническое сопровождение системы ЕАМ» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Техническое сопровождение системы ЕАМ» (Количество лотов — 1; общая сумма на 2024 год — 72 504 950,00 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год — 113 651 509,08 тенге без учета НДС). Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 июня 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 14 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

## «Құбырдың дәнекерленген қосылыстарын бұзбай бақылау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендерлік қорытындылары туралы хабарландыру

ЖШС «Азиялық Газқұбыры» «Құбырдың дәнекерленген қосылыстарын бұзбай бақылау» қызметтерін сатып алудың №1, №2, №3 лоттары бойынша, «НПО Дефектоскопия» ЖШС: Карағанды облысы, Карағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Мұстафина көшесі, 5/2 корпус, 100017, БСН 090340004792 жеміппаз болып танылсын. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

## Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуги «Неразрушающий контроль сварных соединений труб»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуги «Неразрушающий контроль сварных соединений труб» по лотам №1, №2, №3 тендерную заявку ТОО «НПО Дефектоскопия»: Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Мустафина, строение 5/2, 100017, БИН 090340004792. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

**Қуғын-сүргін тақырыбын сөз еткенде ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы қай мемлекетте өмір сүрсе де саяси қысымға көп ұшырағаны еске түседі. Кейде тіпті сол дәуірдегі ірі елдердің басшылары адамзат баласын азаптаудан, ұлттарға қысым көрсетіп, қуғындаудан өзара жарысқа түскендей көрінетіні бар. ХХ ғасырдың басында қазақ халқы Ресей мен КСРО-да ғана емес, Моңғолияда да, Қытайда да қуғын-сүргінге ұшырады. Моңғолиядағы саяси репрессия КСРО-дағы оқиғалардың кәдімгі көшірмесі еді.**



## ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРА ТАҢБА

1937-1938 жылдары Моңғолияда жүргізілген саяси қуғын-сүргін салдарынан 37 мыңдай адам құрбан болып, 700-дей діни ғибадат орны қираған. Ол кезде бұл ел халқының саны 700 мың шамасында ғана еді. Қуғын-сүргін салдарынан халықтың 5 пайызынан астамы көз жұмды деген сөз. Ал 1938 жылы Моңғолияда 21 мыңнан астам қазақ мекен етті. Қуғын-сүргін кезінде 3 270 қазақ құрбан болған. Яғни, сол кезде Алтайдың Қобда бетін мекен еткен қазақтың 15,5 пайызы мерт болды. Одан бөлек, тұтқындалып, түрмеге тоғытылғандары қаншама?!

Тарихшы Зардыхан Кинаятұлы Моңғолияның батысындағы қазақтар тұратын Қобда өлкесінде осы саяси дүрбелен 1937 жылдың көктемінде басталғанын жазды. Партия белсенділері мен ішкі істер мекемесі жанысздардың тікелей араласуымен қазақ арасынан ұсталатын адамдардың құпия тізімі жасалыпты. Тізімге ау баста молдалар, бай мен билер, үкімет белсенділері енгізілген. Сонымен қатар найман тайпасы адамдарына айрықша көңіл бөлінді. Молдалардың тізімге алынуының себебі белгілі. Олар халық арасына коммунистік идеологияның насихатталуына келергі келтіреді, оның үстіне КСРО-да дін өкілдерін қудалау қарқынды жүріп жатқан кез еді. Ал байлар мен билер жекеменшіктің жойылуына көнбейді, ұжымдастыруға наразы болады деп есептеген. Білік тармақтарында қызмет еткен азаматтар күні ертен халықтың арасына іріткі салуы, саясатты сынауы мүмкін деген күдікке ілінсе, найман руының өкілдері «Кенес Олағындағы Қазан төңкерісінен қашқандар» деген айып тағылған. «Осылардың тұқымын құртпасаң, ертен Қытай асып кетуі мүмкін» деп бағалады. 1937 жылы КСРО-дан Моңғолияға 115 адамдық арнайы тізім келгені жайлы дерек бар. Бұл тізім біз сөз еткен найман руы өкілдерін тұтқындауға бірден ықпал еткен фактор еді. Міне, солақай саясаттың қисыны — осы.

Моңғолиядағы осынау солақай саясаттың кесірінен қаралы тізімге іліккен менің аталарым да құрбан болды. Атам Өнгенбай Мәнтікбайұлы (1878-1938) ескісе оқыған молда болғаны үшін 60 жасында, 1938 жылы шілденің 19-ы күні ұсталып, Моңғолияның Төтенше құқылы комиссияның №28 шешімімен атылған. Тағылған айыбы: Қазақтар арасындағы бүлікшіл топтың мүшесі, қызыл партияға қарсы солшыл бағыт ұстанған П.Гэндэн,

Г.Демидтермен сыбайлас болған. Шыңжаңдағы бүлікшілермен ымыраласып, олардың тапсырмасын орындаған-мыс. Сондай-ақ коммунистік билік ұйымдастырған осы саяси қуғын-сүргіннің құрбандығына менің 4 бірдей нағашым да ұшырады.

Нағашы атам Тотықұс Қыдырбайұлы (1879-1938) Абақ керейдің Шеруші руының ішінде Бақат әулетінен тарайды. Әкесі төңірекке даңқы кеткен бай әрі ақын Қыдырбай ел-жұртының Қиюбай, Жұртбай, Жүнісбай, Қылан қатарлы ел ағаларымен бірге 1912 жылы қазан айында Моңғолияның билігіне өту, осы елде тұрақты қалу мақсатында қазақтың 400 отбасы атынан Боғда ханға өтініш хат жазыпты. Сөйтіп, 1912 жылғы Боғда ханның жарлығымен қазақтар алғаш рет мұңылдармен тепе-тең жағдайда жер мұншігіне ие болуға құқық алады. Бұл туралы Баян-Өлгей аймағының 70 жылдығына арналған энциклопедиялық кітапта жазылған. Нағашы атам Тотықұс болса, жасынан сауатын ашып, ел басқару жұмысына белсене араласа жүріп, 1928-1930 жылдары Шеруші хошұнының (ауыл-аймақ) бастығы болып істеген.

Нағашы атам манжы-чин билігінен алған зыялы (ел билеуші) деген шені және сол дәрежесін көрсететін, маңдайына «қарақөк тас» орнатылған басқимі болған. Нағашы атамның кенжесі, менің анам Шомайдың айтуынша, әкесін 59 жасында 1938 жылы шілде айының 19-ы күні коммунистік биліктің сол өлкедегі жандайшаптары Қытай мен Моңғолдың шекарасына жақын Дайынның «Суықсай» деген жерінде туған екі інісі: 48 жастағы Зордықбай Қыдырбайұлы (1890-1938), 43 жастағы Қали Қыдырбайұлы (1895-1938) және 30 жастағы үлкен ұлы Сыыршыбаймен (1908-1938) бірге ұстап, барлық мал-мүлкін тәркілеген.

«Өр Алтайға қайта көшуді үгіттеуші теріс пиғылды бай-феодалдар» деген өтірік жаламен нағашы атама және оның екі інісі мен үлкен ұлына тағылған қылмыстық істе: «Қазақтар ортасындағы феодал, молдалардың төңкеріске қарсы ұйы-

мының мүшесі, Шыңжаңдағы феодал, молдалар және Гэндэн, Демидтің төңкеріске қарсы ұйымдарымен сыбайласып, Жапонияның тыңшы-барлаушыларының тапсырмасын Моңғол елінде таратқан» деген жалған жаламен қылмысқа байланыстырып, Төтенше құқылы комиссияның (ТКК) №28 шешімімен 1938 жылы 29 шілдеде ату жазасына бұйырған.

Тотықұс зыялының әкесі Қыдырбай (ол кісінің де Боғды ханнан алған төртінші дәрежелі зайсан атағы болыпты) кезінде өте бай, малды кісі болғаны туралы көнекөз қариялар: «Жылқысының көптігі сонша, Алтайдың бергі бетінен арғы бетіне дейін жайылып жататын», — деуші еді. Қыдырбай нағашым өз заманында сөзге шебер, ақын да болыпты. Нағашы аталарының сол көп малын және үйіндегі алтын, күміс және басқа бағалы дүние-мүлкін коммунистердің сеніміне кірген С. Әжікен бастаған комиссия тәркілеп, бала-шағасына тек бірқанша қотыр ешкі-лақты ғана қалдырыпты.

Көзі тірісінде анамның айтуынша, Әжікен бастаған қарулы 3-4 адам әкесі зыялында ұстамақ болып ауылға тұтқиылдан келген кезде нағашы атам үйде болмапты. Бәлкім, коммунистердің жандайшаптары тарапынан өзіне қандай бір дұшпандық іс боларын іші сезді ме екен, туып-өскен ел-жұртымен қоштасып, бірнеше күн сол жүріп келсе, үйінің сыртында байлаулы тұрған көп атты көреді. Үйіне кірген жерде оны күтіп отырған жандайшаптар бас салып ұстайды. Сол жерде атқа мінгізіп, аймақ орталығына қарай алып жүреді. Тотықұс зыялында ұстап кеткенін көрген ауыл адамдары ұлап-шұлап қала береді. Көзі көрген қариялардың айтуынша, нағашы атам үйінен сәл алыстай бере арт жағына бұрылып қараса, өзінің үлкен үйі мен отау үйдің арасында бір-бірін құшақтап, жылап-сықтап қалған әйел бала-шағасын көреді және артынан еріп келе жатқан үлкен ұлын байқап қалып «Аналарға не бол, енді үйге қайт» десе, үлкен ұлы Сыыршыбай: «Әке, мыналар мені сенімен бірге ұстап алып келе жатыр ғой!» дегенді естігенде, нағашы атам астындағы

атын қамшысымен бір періп, «Ее, құдай басқа ұрған екен ғой!» деп кемседеп алға қарай шаба жөнеліпті. Әжікен басқарған комиссия нағашы атамды үлкен ұлы, екі інісімен бірге Өлгейге жеткізіп, кейін басқа бай-феодалдармен бірге халық жауы ретінде Қобда аймағының түрмесіне апарып қамады. Сол жерде сұраққа алып, көп ұзамай Қобда қаласына жақын маңдағы алдын ала қазылған шұңқырға апарып атып өлтірген. Басқа түскен осы қаралы күннен кейін бір ай өтпей нағашы әжем Қадша да қайтыс болады.

Тотықұс зыялы Қыдырбайұлымен бірге жақын ағайындары: Қойшы Мольбайұлы, Тұрғынбай Ұтыбайұлы, Смағұл Төленбайұлы, Себет Түндөбайұлы, Сейітқали молла Бүргөбайұлы (Әнуарбек-Көтей әулеті) секілді елге танылған жазықсыз жандар тіптен сол кезде небәрі 17 жаста ғана болған Татанбай Іргебайұлы тағы сол сияқты өңірдің белгілі қазақтары саяси нәубеттің құрбаны болды.

Нағашы атам Тотықұстың және нағашы әжем Қадшаның артында қалған балаларының да тағдыры ауыр болды. Екеуі 7 бала өсірген. Ең үлкені Үміт (1900-1980) Алтайдың арғы бетіне, руы Меркіт Адаққа ұзатылыпты. Одан кейінгі нағашы атам Қойтұяқ (1902-1944) Алтайдың арғы бетіне, Сүлеймен батырға ұзатылыпты. Ол Оспан батырдың ең сенімді серіктерінің бірі, сурмергені болыпты. Көзі тірісінде анам Шомай Алтайдың арғы бетіне ұзатылған осы ағайы туралы: «Атақты Оспан батырдың қасында соғысқан шақабай Сүлеймен батыр менің жездем болады» деп есіне алып айтып отырушы еді.

Қытай қазақтарының тарихын зерттеуші, жазушы Аскар Тағанайұлы «Тарихи дерек, келелі кеңес» атты Шыңжаң халық баспасынан 1996 жылы шыққан кітабында: «1944 жылы мамыр айының соңында партизандар Көктоғай ауданына жақын келіп, қоршауға алады, бірақ гоминдан әскерінің саны мол, бекінісі берік болғандықтан, басып ала алмады. Көктоғайды қоршауға алған күннің ертесі партизандарға қатты өштескен гоминдан әскерлері

тұтқында отырған Оспанның екінші әйелі Мәмиді, алты баласымен және Сүлейменнің әйелі Қойтұяқты (менің нағашы апам), келіні және үш баласымен барлығы қырықтай адамды қылыштап, тірідей зынданға салып өлтірген. Осы қырықтай адамнан тек Оспанның әйелі Мәми ғана қолы байлаулы қалпы қашып барып, Көктоғай өзеніне түсіп, аман қалды» деп жазады. Осылай олардың артында ұрпақ қалмады.

Нағашы атам Тотықұстың үшінші баласы Сыыршыбай (1908-1938) әкесімен бірге 1938 жылы (30 жасында) «Гэндэн, Демидтің төңкеріске қарсы ұйымының тапсырмасын белсенділікпен атқарған және Жапонияға тыңшылық жасауға көмектескен» деген жалған жаламен ұсталып, 10 жылға сотталып, кейін атылған. Артында жесірі Шәмшия Кеміекқызы және төрт баласы қалды.

Әрине, жазықсыз жапа шегіп, жендеттер қолынан қаза тапқан нағашымыздың артында тұяқ қалды. Тағдырлары да сан қилы болды. Анамыз

Шомай әкесі ұсталғанда небәрі 10 жаста екен. Есейіп қалған кезі екені сөзсіз. Естеліктерді де жадында сақтағаны содан болса керек. Әрі зұлмат жылдардың оқиғалары он жасқа толған жеткіншек тұлғи 5-6 жастағы бүлдіршінің де жадынан өшпес із қалдыратын қасірет қой. Оны кеудесінде жаны бар пенде ұмыта қоймас.

Жалпы, қуғын-сүргін туралы сөз еткенде коммунистік идеологияны ту еткен жүйе өз айыбын ешқашан мойындамағанын байқаймыз. Әрине, И.Сталин өлген соң сәл жылымық орнағаны рас. Бірақтар тұлға сол 50- жылдары ақталды. Бірақ қуғын көргендердің толық ақтаулы өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында басталған еді. Моңғолияда да жағдай солай өрбіді. Моңғолияны 70 жыл бойы билеген коммунистік билік жазықсыз жала жабылып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болғандарды ақтау туралы ұрпақтарының өтінішіне құлақ аспай келді. Тек коммунистер биліктен кетіп, оның орнына демократиялық күштер келген 1990-жылдардан бастап саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, оларды ақтау жұмыстары басталды. Соның нәтижесінде көптен бірге менің атам, нағашы атам екі інісімен және үлкен ұлымен бірге Моңғолияның Жоғары Сотының Әскери Коллегиясының (ЖСӘК) 1991 жылы 12 қыркүйектегі 126-шы қаулысымен толықтай ақталған еді.

Әдетте қуғын-сүргін тақырыбын сөз еткенде статистикаға көбірек жүгініп, әр әулеттің шежіресіндегі оқиғалар назардан тыс қалатын кездері болады. Шын мәнінде, қасіретті жылдар таңбасы қазақтың барлық дерлік әулетінің тарихында, жалында қалды. Әр шаңырақта тікелей немесе жанама із қалдырған жылдар еді. Біздің әулеттің тарихында да табы қалды. Кейде бабалардың азаттығы қолынан шығып кеткен сәттен бастап-ақ ғасырларға жалғасқан үркін, қуғын-сүргін басталған екен-ау деген ой келетіні бар. Дегенмен ұлтымыздың азаттыққа қауышып, тәуелсіз мемлекет құрғанымыз ата-бабалардың қаны мен терінің өтеуі деп білемін. Әрі ендігі тарихта қазақ баласының тыныш, ешкімнің қуғынын көрмей, өмір сүру мүмкіндігі де осы тәуелсіздікпен тікелей байланысты болса керек.

Досан БАЙМОЛДА,

физика ғылымдарының докторы

## АЛАШ АГРОНОМДАРЫ

**Қазақ тарихының ең қайғылы беттерінің бірі — 1937-1938 жылғы репрессия. Бір ғана Қазақстанның өзінде сол жылдары 103 мыңнан астам адам тұтқындалып, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Ұлт қаймақтарының көпшілігі дерлік атылды. «Халық жаулары» анықтау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілген сол кездердегі қатыгез саясат кесірінен қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да жапа шекті.**

Бердібек ҚАБАЙ

Заманның зиялылары деп біз таныған алаштықтар «жер — менікі» деп қана қойған жоқ, Жер Ананың өздері армандаған өркениетті мемлекетпен бірге көргенін де қалады. Алаш көсемдері алдына осындай мақсат қойып, арнайы жоспар жасады. Оқыды, ізденді, зерттеді. Сол уақытта елдің енесін тіктеу ісіне араласқанның бірі — Алаш қайраткері, қазақтан шыққан алғашқы агроном, қолында шетелдік дипломы бар маман, білікті ғалым Ғазымбек Бірімжанов еді. Ол білімі мен білігін қағаз бетіне түсіріп, көргенін көкейіне түйе отырып, өзінің үзегілерімен бірге талай дүниеге араласды. Ғазымбек Бірімжанов 1923-1927 жылдар аралығында Берлин ауыл шаруашылығы, қазіргі Humboldt университетінде оқып, агроном мамандығын оқыған маман-тұғын. XIX ғасырдың соңы біз Алаш қайраткерлері деп атаған үркердей топтың қалыптасу кезеңі болса, ХХ ғасырдың басы нағыз кемеліне келген шағы еді. Осы мезгілде қазақтың біртуарлары алгебра, геометрия, физика, астрономия, психология, география, биология, тіл ғылымдарына негіз қалады. Ғылымның жазбаша нұсқасын қалыптастырды. Соның бір тармағы ауыл шаруашылығы саласы-тұғын.

Бұл саланы Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш ардақтылары жіті зерттеп, өзге елдердің озық технологиясын барша қазаққа жеткізіп, үйрету үшін тер төкті. Ғазымбек Бірімжанов бастаған топта жалғыз агроном болмағаны аян. Бұл қатарда Сатылған Сабатаев, Ыбырайым Жайнақов, тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдеріұлы да болды. 1922 жылы күзде Т.Рыскулов басқарған Түркістан республикасының басшылығы Ғ.Бірімжанов сынды бірнеше талантты жастарды батыс елдеріне білім алуға арнайы аттандырады. Ең өкініштісі — сол шетке жіберілген білімді жастар 1928 жылы оқуды бітіріп, елге оралған шақта тұтқындалған. Кейбір деректерде Германиядан оқып елге келе жатқан бір топ жастың 28-дің жазында Мәскеуде тұтқындалып, Ресейдің солтүстік-батысындағы Карелиядағы Медвежьегорск қаласына 10 жылға жер аударған. Орман отаудың азапты жұмысына жегілген талай боздақтың бұл қияметтен тірі шыққандары жоқ. 1937 жылдың күзінде Ғ.Бірімжановпен бірге аты-жөні толық белгісіз бірнеше маман атылып кетеді. Бір таңғаларлығы, Германиядан білім алған агрономдар мен жерге орналастырушыларды қиыр солтүстікке жер аударудың қандай қисыны болды? Әлде бұл жай кездейсоқтық па? Тауы мен тасы мол, ағашы нұ, алқабы аз Карелия өлкесіне айдалған қайраткерлер туралы әлі біраз зерттеудің қажет болатыны шындық.



1906 жылдың өзінде егіншілік бойынша білікті Сатылған Сабатаев 1899 жылдан 1901 жылға дейін екі жыл Жетісу облысы Пшпек уездік басқармасының аудармашысы болып қызмет істейді. Одан соң 1906 жылға дейін Жетісу облыстық қоныс аудару мекемесінде еңбек етеді.

«Сатылған Сабатаев Жетісу облысының Егіншілік және жерге орналастыру басқармасына қызметкер болып жүрген шақта жер саласына қатысты болып жатқан процестерге араласып, барынша үлес қосу мақсатында әсібі қызметін тоқтатып, арнайы білім алуды ұйғарады. Осылайша, Мәскеу ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1915 жылы бітіреді. Сөйтіп, ол қазақтан шыққан тұңғыш агроном және екі жоғары білімі бар санаулы қазақтың бірі болады. 1916-1917 жылдары Лепсі уезінің ауыл шаруашылығы мекемесінде қызмет атқарды», — дейді тарих ғылым-

дарының докторы, профессор Фатима Қозыбақова.

Кенес өкіметі орнағаннан кейін Сатылған Сабатаев Қарқаралыда өз мамандығы бойынша қызмет істейді. 1921 жылдың көктемінде Қарқаралы алдымен қызылдар, содан кейін ақтар, артынан қарулы бандылардың қолында болады. Шаруаның берекесі кетіп, қалада қалудың мәні жоқ деп түсінген Сатылған Ақмоланы бетке алып, жаю шығады. Ақтарды қуған қызыл әскер оны далада ұстап алып, жауапқа тартады. Көзі ашық, көкірегі ояу ғалымды «қарсыласты» деген желеумен сол жерде атып кетеді. Бұл шамамен 1921 жылдың 15 сәуірінде Қарқаралы ауданының Ботақара деген жерінде болған. Алаш қайраткері небәрі 47 жаста осылайша өкінішті жағдайда өмірден өткен. Бүгінде ғалымның нақты жерленген жері де жоқ. Қайраткер туралы зерттеген белгілі зерттеуші, музейтанушы Марат Әбдеш өз зерттеулерінде ғалымның атылған жері болуы мүмкін деп бірнеше орында белгілеп көрсетіп жүр.

Ғазымбек Бірімжанов туралы соңғы уақыттарда архивтерден бірлі-жарым дүниелер табылып жатыр. Соның бірі — Карелияда айдауда жүріп жазған зерттеу кітабы. Барлығы 55 беттен тұратын еңбектің бірінші бөлімін Иван Попов, екінші бөлімін Ғазымбек Бірімжанов жазған. «Труды сельско-хозяйственный опытной станции» деп аталған кітап 1935 жылдың өзінде 1000 данамен НКВД-ның есебінен басылып шығады. Ғазымбек жазған екінші бөлім негізгі 24 тараудан тұраған.

«Бұл Ғазымбек жазған бөлім тұқымды сынақтан өткізуге бағытталған. Ішінде арпа, мыңжылдық қырыққабат, қырықжылдық қырыққабат та бар. Одан кейін кез келген көкөністің түрлеріне талдау жасаған. Көкөністің үш жылдағы өсу дағдысы баяндалған. Бұл еңбекті қарап отырсаңыз, кез келген арпа, сұлы қай жылы қандай болды? Қалай өседі? Соның бөрі жазылған. Мұның іші бірыңғай есеп-қисап, цифр өте көп. Бұл енді алаш агро-

номы болған кісінің мықтылығы. Сол себепті бұны да Совет үкіметі бірден ату жазасына кестей, оның үкімін шегіндіріп, Карелияға жіберіп, ғылыми бағытта пайдаланған», — дейді ғазымбектанушы жас ғалым Данияр Ихан. Ғазымбектен де ұрпақ қалмады. Алаштың ардақтысы 1938 жылы 42 жасында атылып, Мәскеудегі Коммунарка зиратына жерленген.

30 жылдары қуғын-сүргін көріп, ақыры сол солақай саясаттың құрбаны болған ұлт зиялыларының қатарында қазақтан шыққан тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдеріұлы да бар. Ол 7-9-сынып оқушыларына арнап тұңғыш қазақ тіліндегі «Өсімдіктану» оқу құралын жазды. Өз еңбегінде ғалым биология терминдерін де қазақ тіліне алғаш тәржімге жасап, оларды қолданысқа енгізеді.

Ж.Күдеріұлы «Өсімдіктану» атты оқу құралын 1926 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүргенде жазған. Бұл оқулықтың бірінші кітабы 1927 жылы арал өрпімен Мәскеуде, ал екінші кітабы 1930 жылы латын өрпімен Қызылорда қаласында басылған. 1992 жылы екі кітабы да қазіргі жазуымызға көшіріліп, «Рауан» баспасынан жарық көрді. Ж.Күдерінің 1927 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған термин мен көптеген қазақша өсімдік атауы кездеседі. Ғалымның ерекшелігі, сол қазіргі тілші ғалымдар мен сала мамандары аударуға болмайды деп жүрген, осы уақытқа дейін аудармай қолданып келген терминдерді қазақша жасағаны назар аудартады. Мысалы, «микроскоп» терминін — «асылшыны», «микроспоры» терминін — аталықшан, «паразит» терминін — араптамақ, «ядро» терминін — түйір, «ядрочко» терминін — түйіршік, «протоплазма» терминін — жалқаяқ, «хлорофилла» терминін — көкше, «хлорофильное зерно» терминін көкше түйір, т.б. аударған. Қалай десек те, қазақтың Алаш үкіметі тұсындағы тегеуріні өте күшті болғанын аңғаруға болады.

31 мамыр –  
Саяси қуғын-сүргін және  
ашаршылық құрбандарын еске  
алу күні. Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаев:  
«Тоталитаризмнің бұл қырғын халқымызға  
орасан зор қасірет әкелді. Тарихымыздың  
қайғылы кезеңдерін терең зерделеп, жазықсыз  
жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін  
жалғастыру – өте маңызды мәселе» деген еді.  
Ақтаңдақтар ақиқаты айтылып, зұлмат  
жылдардың тарихы зерттеп-зерделенуде.  
Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі  
мемлекеттік комиссия бұрын жарияланбаған  
архив құжаттарын тауып, жинақтап жатыр. Біз  
осы орайда қуғынға ұшыраған, зұлмат  
заманда қиындық көрген қазақ қыздары  
туралы белгілі алаштанушы ғалым,  
профессор Айгүл Ісмақовамен  
әңгімелескен едік.



Айгүл ІСМАҚОВА,  
алаштанушы ғалым, профессор:

– Айгүл апай, біз бүгін Алаш арулары туралы, алаштың қайраткер қыздары туралы сөз қозғағымыз келіп отыр. Бұған дейін «қазақ қыздары оқымаған, білім алмаған» деген сынаржақ пікірлерді жиі естіп келдік. Тіпті, кеңестік әдебиет те «сауатсыздық» туралы жиі қозғағаны белгілі. Кенеске дейінгі қазақ қыздары қандай болды?

– 1731 жылдан бастап 1913 жылы «Қазақ» газеті шыққанға дейін бізді қазақ емес, қырғыз-қайсақ деп келген. Себебі қазақты Ресейдің боданы болған тұста өз жері, мәдениеті жок ел ретінде бұратана жабайы халық деп қараған. Тек 1913 жылы «Қазақ» газетін шығарған Алаш саяси элитасы ұлттың атауын – «Қазақ» сөзін қайтарды. «Қазақ» газеті: «Ұлтының көзі, құлағы, үні болды». 1917 жылы Алаш партиясының бағдарламасында «Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болуы ықтимал, халқы өз жерінде отыр, ана тілі, өз тарихы мен рухани мәдениеті бар» деп жазылды. Қазіргі мағынадағы тұңғыш саяси Алаш партиясы осындай басты мәселелерді көтеріп, қазақ қызының құқығын қорғауды да өздерінің басты ұстанымының бірі ретінде анықтады. Біз Ресейдің боданы болған кездегі қазақ қоғамында молдалар көбіне басқа ұлт өкілдері де болған. «Бұларға бағынған жергілікті молдалар 13 жасқа жетер жетпес, кәмелетке толмаған қазақ қызының некесін қиып, біреудің тоқалы қып бере салуды тоқтатып, егер жағдай қайталанса, сол молдаларды жазалау керек» деп Алаш партиясының бағдарламасында айтылған. Қазақтың тұңғыш романынан басталған Алаш әдебиеті әйел құқығын қорғауға арналған! Осылайша, қазақ қызының құқығын қорғауды Алаш партиясы 100 жыл бұрын қолға алған. Бұлар «Алып анадан туалыны!» өздері бастан кешкендер еді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш саяси элитасы өз аналарынан ислами тәрбие алғандар еді. Ахмет Байтұрсынұлы «Анама хат» өлеңінде түрмеде отырып: «Қарағым, дұрағойым, камкор анам! Арнап хат жазайын деп, алдым қалам. Сені онда, мені мұнда аман сақтап, Көруге жазғай етсін Хак Тағалам!» деген. Шоқындыру саясаты белсенді түрде іске асырылған патша заманында: келешек қазақтың анасының мүшкіл жәйін көрген Алаш Арыстары, қазақ қызын Ұлттың

Ташкентте екі жылдан бері өтіп жатқан халықаралық Орталық Азиядағы Жадид қозғалысының Алашқа қатысты симпозиумінен естідім. Америкада тұратын жадидтердің ұрпағы профессорлар Германияда қазақтың жастарымен бірге оқығандарын айтқан. Бізде бұл тақырып әлі зерттелмеген. Батыс Қазақстаннан барған біраз қазақ Германияда инженерияда оқығаны, соның ішінде қыздар болғаны айтылды.

Алаш саяси элитасымен қызметтес болған қазақтың білімді қыздарының кім екені туралы деректер Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдызы» атты кітабында тұңғыш рет жазылған. Гүлнар Міржақыпқызы Нәзіпа Құлжанова, Гүлсім Асфендиярова, Аққағаз Досжанова, Жаныл Қадырбаева, Ғайнижамал Дулатова, Гүлшара Досымбековаларды көргендіктен сол қыздар туралы көрген-білгенін жазды. Жоғарыда аты аталған қыздар Семей, Орынбор, Троицк қалаларында жастарға арналған мәдени кештер ұйымдастырып, саяси-әлеуметтік істердің басында жүрген. Нәзіпа Құлжанова бастаған қыздар «Абай – қазақтың

## АЛАШ АРУЛАРЫ ӘЛІ АРНАЙЫ ЗЕРТТЕЛГЕН ЖОҚ

рисафа атанған Александра – татар емес, орыс қызы еді. Соңғы фильмде Аханның жарын татарша сөйлетіп қойыпты. Ахмет Байтұрсынұлы екі-әк әйелге өлең арнағаны белгілі: өз анасына «Айналайын анам, дұрағойым, камкор Анам!» деп 1908 жылы түрмеде отырып жазған өлеңі. Екіншісі – «Н.Ханымға», сол кезде Алаш жұлдызы аталған мұғалім, журналист Нәзіпа Құлжановаға. Осы өлеңінде Ахмет: «Ел бүгіншіл, менікі ертен үшін» дейді. Нәзіпа ханымға неге бұлай жазды? Өйткені Нәзіпа қостанайлық, Қостанайдағы семинарияда оқып жүргенде оқуға төлейтін ақшасы болмай, әкесі оны біреуге айттырып қойып, алған ақшасын қайтара алмай, қарабасы сұмдыққа ұшырағанда Алаш замандастары Нәзіпаны қорғай алған. Ахандар таныстырған сол кездегі ауылдық мектеп директоры болған Нұржан Құлжанов ауқатты болғандықтан Нәзіпаға жәрдем беріп, кейін екеуі некелесіп, Семейге бірге көшкен. Нәзіпа мектепке дейінгі, мектептегі бала тәрбиесі туралы, бастауыш мектептеріне кітап, оқулықтар шығарған. Соның біріне оған Ахмет Байтұрсынұлының өзі алғысөз жазып, Нәзіпаның осындай педагогикалық-методикалық болмысын қолдап бата берген:

– Рахатсыз өтсе де өмір жасымын,  
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолағ шет қып бір шыққан соң,  
Жарым жоқдан қайтпаспын, қарындасым!  
Мен өлсем де өлемін жөнімменен,  
Тәннен басқа неміді алар өлім менен?!  
Өлген күні апарып тығары – зор,  
Мен жоқ болам көміліп тәнменен.  
Тән көмілер, көмілес емек ісім,  
Ойлайтындыр мен емес бір күнгісім.  
Жұрт ұқпасқа ұқпасын жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі ертен үшін, – деген сөздер Нәзіпа Құлжановаға арналған.

Советтік террорға ұшыраған Нәзіпа басынан өткен көп қиындықтың салдарынан, күйеуі атылғаннан кейін құсалық дерттен қайтыс болды. Жалғыз баласы ауру болып туып, ұрпақ сүйе алмай өткен қазақтың аруы.

Гүлнар Дулатова жазған тағы бір қазақ қызы – Гүлшара Досымбекова. Ол – Міржақып Дулатовтың туған балдызы. Алаш жастарының басын біріктіру үшін құрылған «Жас азамат» ұйымындағы істердің басықасында болған қоғам қайраткері. Омбы гимназиясын үздік бітірген оқымысты, жетімдерге тұрақты түрде қаржылай көмектесіп тұрған зиялы адам. Күйеуі ауқатты кісі болған. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов басқарған «Абай» журналы бір-екі рет дағдарысқа ұшырап, шықпай қалған кездері болған. Сонда Гүлшара қолындағы бар алтын-күмісін сатып, журналдың екі-үш нөмірін шығарып берген мешенат. Күйеуі Ахметсаға Жүсіпұлы абыройлы азамат еді, ол да ату жазасына ұшыраған.

Гүлайым Балғынбаева – Ыбырай Алтынсарин мектебінің түлегі. Ахмет Балғынбайұлының қызы, Орынбордағы гимназияны үздік тәмамдап, орыс тілінен сабақ берген мұғалім. Күйеуі «халық жауы» деп атылғаннан кейін, сол зардапты әйелі де көріп қасірет шеккен.

Аққағаз Досжанова – қазақ қыздарының ішінен шыққан тұңғыш дәрігер. Осы мамандығын көсемсөзші ретінде газет беттерінде насихаттаған: тазалық сақтау ережелері, жұқпалы аурулардың қауіп-қатері сияқты елге пайдалы практикалық мақалаларды жазып тұрған. «Қазақ» газетінен басқа басылымдарда да мақалалары жарияланған журналист. Аққағаз Досжанова 1917 жылы Мәскеуде қазақ зиялылары ұйымдастырған басқосуда «Мұсылман елдерінің азаттығы туралы» арнайы баяндама жасаған ғалым, ұлттың діні мен тілін қорғаған, езілген қазақтың жағдайын ашық айтқан саяси тұлға. Дәл осы жылы Мәскеуде 1-8 мамырда өткен бүкілресейлік мұсылман съезінде қазақ әйелінің мұқтажын айтып, оны талқыға салған қазақтың батыр қызы. Өмірінің соңына дейін Алматыдағы I ауруханада гинеколог қызметін істеп, безгек ауруына алғашқы ем-дом ойлап тапқан дәрігер болып саналады. Бұл медициналық еңбектері «Абай», «Жас азамат», «Әйел теңдігі» газеттерінде шығып тұрған. Аталған ғылыми еңбектері өкінішке қарай, қазіргі ғылыми айналымға әлі енген жоқ, әлі де зерттеушісі жок.

«Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ!» секілді отты жырлардың авторы – Мәриям Сейдалина. Бұл өлеңдері «Айқап» пен «Қазақ» газеттерінде жарияланды. Сол кездегі Орал облыстық қазақтардың съезінде баяндама жасаған Күләйім Өтегенқызы, Дәмеш Дайрабайқызы, Сақыпжамал Тілеубайқызы – бұлар да белгілі ақын қыздар. Бірақ оларды ешкім білмейді. Бұл деректерді алаштанушы ғалым Елдос Токтарбай мен Алаш Аруларының зерттеп жүрген Серікбол Хасан мақалаларынан оқиды.

Шолпан Иманбаева, Сара Есова, Фатима Ғабитовалар туралы да нақты мәлі-

– Екінші дүниежүзілік соғыста Мәншүк пен Әлия қыздарымызды мақтан етеміз. Екеуінің де әкесі халық жауы болған. Олар әкесінің атын ақтау үшін Екінші дүниежүзілік соғыста батырлық жасады. Мұны да біле жүріміз керек, олар қандай қасіретпен батырлыққа барғанын.

Сәуле Рысқұлова, Нәзке Қарашеваның есімдері осы жерде аталады, бірақ өкінішке қарай, мағлұмат жоқ. Осы қатарда Рымжан Сейфуллинаны атауға болады. Өзім көрген академик Рабиға Сыздықованың әкесі қари, Құранды жатқа білген сауатты дін қызметкері болған, оны отырған жерінде балаларының алдында атып тастаған. Рымжан Сәкен Сейфуллиннің асырап алған Мәжит деген інісінің қызы. Рымжан апамыз сейфуллинтануға үлес қосқан ғалым профессор болды.

1932-1934 жылдары Мұхтар Әуезовтің жасөспірім қызы Мұғамила Мұхтарқызы Алматының Төлеби көшесіндегі сол кездегі айдаладағы Тастақ түрмесіне қамалған әкесіне жаяу тамақ тасып тұрған: қандай қорқыныш пен үрей көргенін де жазып кетті.

Үшкөктай Сұбханбердина – тұңғыш дәрігер фармаколог Алашшыл Сұбханбердиннің ұрпағы. Үшкөктай апаймыз 2000 жылдардың басында қайтыс болды, оған дейін қызметтес болдым. Ол совет кезінде әкесі мен ағасынан алған аманатын аркалап, еңбек демалысында өз қаражатына Ленинградқа баратын. Ел санаторийге кеткенде, бұл апамыз Ленинградта қатты болатын. Ол жерде төте жазудағы «Айқап», «Қазақ», «Еңбекші қазақ» тағы басқа басылымдағы авторлар мен мәтіндерінің библиографиясын жасап кеткен бірегей ғалым. Қазіргі М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтына XX ғасыр басындағы осы басылымдардың библиографиясын бір өзі жасап кеткен ғалым: жазып, сақтауға ыңғайлы, кол сумкамен тасуға ыңғайлы А 4 форматты 8 бөліп, кейде қалтасына да салып жүретінін көрген едім. Қандай зиялылық! Өте зиялы, тектілігі жүзін көрінетін әдемі әйел еді. Біз алдымызда жүрген Гүлнар Дулатова, Ләйля Мұхтарқызы Әуезова, Шамшиябану Қанышқызы Сәтбаева бастаған осындай Алаштың Аруларынан тәрбие алдық.

– Алма Оразбаеваның тағдыры туралы сұмдық деректер оқып едік. Алма Оразбаева, Рәзия Мендешова, Әмина Мәметова сияқты ағартушы қыздардың тағдыры туралы толық айтылды ма?

– Алма Оразбаеваның тағдыры туралы мағлұматтар енді толық анықталды. Оны бізге Кеңес кезінің белсендісі, коммунист кыз деп насихаттайтын. Бірақ күйеуінің ақ гвардияшы, зылым адам болғаны, Голощекиннің көмекшісі болғаны туралы айтылмайтын. Бұл енді ғана ашылды.

Әмина Мәметова қазақ тілінен мен оқыған Қыздар педагогикалық Институтында дәріс беретін. Әдепті, сұлу әйел еді: атакты Мәншүктің анасы деп жүретін едік. Бірақ ол кісіні құрметтегенін көрмедік: халық жауының әйелі екенін кейін естідік.

– Армиял Тасымбековтың «Жазығы не еді апалардың?» атты топтамасы кезінде «Өркен» газетінде жарық көргені белгілі. АЛЖИР-де, зұлмат жылдарда қуғын көрген аналарымыз туралы жазып жүрген зерттеуші ғалымдар бар ма?

– Армиял Тасымбековтың «Жазығы не еді апалардың?» топтамасында көп мағлұмат баршылық. Өкінішке қарай осымен тоқтап қалды. Мысалы, АЛЖИР-де нақты қанша қазақ әйелі отырғаны туралы мағлұмат әлі жоқ. Белгілі журналист Мағира апай Қожахметованың Қарағандыда өскен айлауда болған жерін көруге келген атакты балет әртісі Майя Плиссескамен жүргізген керемет сұхбаты бар. Майяның әкесі Қарағандының КАРЛАГ-ында қайтыс болған. Майя сұхбатында «Қарағандының КАРЛАГ-ынан құтылдыңдар, бірақ неге қазақтың бәрі орысша сөйлейді?» деп таңғалғанын келтірген. Қазақ жерінде АЛЖИР мен КАРЛАГ жок болса да, әуелі патша, кейін советтік билік бізді орыстандырып кеткенін бетімизе басып айтқаны есте қаларлық қайсарлық.

Осыныша қазақ қызының қасіретті тағдыры, заманға сай білімді, дәрігерлер, ұстаздар болғаны, Ахан кітабына алғысөз жазған Нәзіпадай ғалымдардың тәуелсіздіктен бері зерттелмеуі – бізге сын. Бұларды неге тануымыз керек? Совет үкіметі патша үкіметінің мұрагері ретінде қазақты енді тоталитарлық құлдыққа салып жатқанда, қазақ қыздары да жанталасып ұлттық тәрбие мен ұлттың Анасы абыройы үшін күрескендер еді.

Аталған Алаш Аруларына күйеуінен бас тартса, зарлап шекпейсін деген ұсынысы қарашысы қабылдамаған! Ешқайсысы қара басының қамын қумаған! Осыныша тектілікті сақтау үшін Алаштың Арулары қандай тәрбие алған? Бұлар өмір бойы бір-біріне, ұрпақтарына қарайласып өткендер! Бүгінгі қазақтың қызы ойланатын, үлгі алатындар – осы Алаштың Арулары! 31 мамыр Алаш Жұрты болып осы Аналарға да арнап Құран оқитын күн!

Бұл қазіргі заманда ішіп жегенін, қитен шүберегі мен мінген көлігіне маз болатын Instagram-ға салып маз болатындар емес еді!

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАС,  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Осыныша қазақ қызының қасіретті тағдыры, заманға сай білімді, дәрігерлер, ұстаздар болғаны, Ахан кітабына алғысөз жазған Нәзіпадай ғалымдардың тәуелсіздіктен бері зерттелмеуі – бізге сын.

Анасы деп құқығын қорғаған. Еуропа, АҚШ әйелдер құқығын бұл кезде әлі көтермеген еді: бұлар Екінші дүниежүзілік соғыстан соң БҰҰ құрылғаннан кейін ғана кірісті.

– «Қазақ» газетінде көрінген үш қыз: Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Балғынбаева туралы толық зерттеу алық па? Ғайнижамал мен Аққағаз туралы білгенімізбен, Гүлайым Балғынбаева тасала қалып қойған секілді. Гүлайым туралы зерттеп көргендер болды ма?

– Осыдан 100 жыл бұрын 1913 жылы Алаш саяси элитасы «Қазақ» газетін шығарғанын айттық. Сол газетті шығаруға қатысқан қазақтың үш журналист қызы Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Балғынбаева заманауи білімді қыздар еді. Олар «Қазақ» газетінде 1914 жылдан бастап жұмыс істеді. Сол кездің өзекті мәселелерін көтеріп, өздерінің мамандығына сай ғылыми, саяси, әлеуметтік өмірге қажетті мақалалар жазып, қазақ қызының енесінен көтеретін істің басында болған абыройлы білімді қыз қыздар еді. Осы үш қыз туралы википедияда аз ғана ақпарат бар. Сол замандағы қаншама ЖОО бітірген қазақ қыздарының тағдыры зерттелмеген. Бүгінгі біздер Алаш саяси элитасын зерттеп бітірдік дей алмаймыз. Олардың ғылыми дискурсы, академиялық мұралары енді ғана толық шығарылуда. Алаштың арулары әлі арнайы зерттелген жоқ.

Гүлайым Балғынбаеваның Германияда оқығаны туралы дерек бар да, әрі қарай қандай мамандықты бітіргені туралы ештеңе таппайсыз. Ол үшін әлі тарихты қолпар керек. Мәмбет Қойгелді айтпақшы, қазақтың көп жастары Германияның инженер, медициналық университеттерінде оқып, елге қайта келмеген. Бұл туралы

бас ақыны» деп мәдени кештер өткізген. Күйеуі Нұрғали Құлжанов Абайдың кешін өткізу үшін Петербордағы патшаның жергілікті генерал губернаторынан ресми рұқсат сұрап, екі жыл патшаға хат жазған. Екі сағаттық кеш өткізу үшін ресми рұқсатты екі жыл күткен. Осының бәрі қандай қиындықпен келгенін білмейтін ұрпақпыз.

Алаштың саяси көсемі Әлихан Бөкейханнның ұрпағы шоқынды кетті деп жазып жатқандар бар. Алаш элитасының көсемі Әлихан орыс қызын алуға саяси тұрғыдан мәжбүр болған. Жары Елизавета Яковлевна аурудан қайтыс болғанда, оны христиандық тәртіппен жерледі. Әлихан Бөкейхан басқа діндегі әйелін зорлықпен мұсылман дінін қабылдауға шақырса, патшаның заңымен сотталып кететін заман болғанын қазіргілер біле бермейді. Сондықтан жарын өз дінінде қалдырып, христиандық тәртіппен Семейде жерлеген. Әлиханнның ұрпағы тірі қалу үшін анасының дінін көрсетуге мәжбүр болғанын қазіргі сыншылардың басына бермесін. Осыны білмейтін бүгінгі дымбілмистер ұрпағы шоқынған, христиандық әйелге үйленген деп аруаққа тіл тигізіп жүр. Шын мәнінде, ол кісінің саяси амалмен үйленгені біле жүріміз керек. Қайсыбір қазақ қызын Әлихан Бөкейхан өзі көрген түрменің есігінде телміреуге, қудалауға, қаманда отыруға қияр еді? Қазіргі кез тұрғысынан ол заманға сын айту – зор әдепсіздік.

Ахмет Байтұрсынұлы орманшының қызы Александр Ивановнаға үйленді. Ахан да әйелін мұсылман дініне зорлықпен кіргізсе алмас еді: ондай жағдайда бірден сотталатын заң бар. Александр-Бадришафа ислами білімді өзі менгеріп, өз еркімен некесін қиғызған, өмір бойы Аханды «Төрем» деп өткен адал жар. Негізді, Бад-

## ҚАРАҒАНДЫ СПОРТЫНЫҢ БӘСІ БИІК

«Спорт – денсаулық кепілі» деген қағидатты ұстанған Қарағанды облысында жылдан-жылға арнайы денсаулыққа шақыратын стадион, денешынықтыру клубтары көптеп ашылуда.



Өңірде «Қазақстан Республикасының денешынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қарағанды облысының 2021–2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы» аясында бірнеше жоба қолға алынды.

Бүгінгі күні Қарағанды облысында 1 250 спорт ұйымы мен денешынықтыру ұжымы болса, онда 431 мыңнан астам адам қызмет етеді. Облыс бойынша 27 545 баланы қамтитын 39 спорт мектебі жұмыс істейді. 7 202 бала ауылдық жерлерде жаттығуда. Оның ішінде 1 800 бала көпбалалы отбасылардан шықса, 207-сі – жетім бала.

Мектептер мен колледждерде спортқа ден қойған оқушылар мен студенттер саны артқан. Мысалы, жалпы білім беретін мектептерде 67 542 бала қамтылған. 4 853 спорт секциясы, колледждерде 14 595 адам қамтылған 205 секция. 3 251 баланы қамтыған 12 балалар-жасөспірімдер денешынықтыру клуб-

су қорытындысы бойынша, спортшылар 7 951 медаль жеңіп алды, оның 2 527-сі алтын, Әлем біріншіліктеріне облыс атынан 49 адам қатысып, 5 алтын медаль жеңіп алды. Облыс аумағында халықаралық және республикалық маңызы бар 46 жарыс өткізілді.

2024 жылы спортшылар үшін басты жарыс Париждегі жазғы Олимпиада ойындары екені белгілі. Бүгінгі күнге дейін лицензия алу үшін спорттың 5 түрі бойынша 7 үміткер анықталды. Сонымен қатар аймақта ұлттық спорт түрлері табысты дамуда. Спорттың 11 түрі – атап өтсек, тоғызқұмалақ, саят, бөйге, жекпе-жек, казак күресі, асық ату, қыз қуу, тенге алу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, дөстүрлі садақ ату даму үстінде. Осы ұлттық ойындармен 35 975 адам айналысады. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасына 36 спортшы кіреді.

Облыста мүгедектер саны 55 360 адамды құрайды, оның



тары болса, жоғары оқу орындарында жалпы 14 237 студент шынығатын 109 секция жұмыс істейді. Облыс қалалары мен аудандарынан көпбалалы – 6 519, күнкөрісі төмен отбасыларынан 3 500 бала тартылды. Сондай-ақ облыста 10 211 спортшысы бар 85 балалар мен жасөспірімдер клубы, ауылдық жерлерде 972 адамды қамтитын 16 клуб жұмыс істейді. Оның 797-і күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан балалар болса, 62-сі – көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда және мектепшілік есепте тұрғандар. Аула клубтарының қызметі жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады және қалалық, аудандық әкімдіктердің қарауында болады.

Биылғы жылы «Арт спорт» мемлекеттік спорттық тапсырысын іске асыру шеңберінде спорттың 22 түрі бойынша 196 секцияға 11 318 бала мен жасөспірім тартылды, оның ішінде ауылдық округтерде – 713 адам. Бұл үшін облыстық бюджет есебінен 2 млрд 164 мың теңге қарастырылған. 2024 жылға нақтыланған қаржыландыру жоспары – 20 млрд 552 млн 756 мың теңгені құрады.

Облысымыздың намысын қорғап жүрген спортшы жастардың саны күннен-күнге артып келеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының құрамына облыстың 1 145 спортшысы енген. Бұдан бір жыл бұрын 895 спортшы ғана болатын. Соңғы екі-үш айдың өзінде облыстың 18 388 спортшысы әртүрлі деңгейдегі – 448, оның ішінде 84 облыстық, 26 республикалық және 95 халықаралық жарысқа қатысты. Жарысқа қаты-

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

# Соңғы ЖОЛДАМАНЫҢ жүзгі ауыр...

спаррингтік турнирде Жайна Шекербекова сияқты әккі спортшыдан басым түсті. Дегенмен тәжірибелі америкалық Шей Мэй Патрисо біздің жас боксшыға еш айла қалдырған жоқ. Қарсыластың қарқынына ілесе алмағанын Ұлжан да көзіне жас алып тұрып, мойындады.

«Техникам, тәжірибем жетпеді. Әлі мықты болып ораламын. Кімнің қолын көтерсе, сол – жеңіпаз. Мен мықтымын», – деді Ұлжан жекпе-жектен соң.

үшеуіне де қатысты. Мұндай мүмкіндік құрамада ешкімге де берілген жоқ. Алдымен Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарында бақ сынап, қола жүлдегер атанды. Бұл бәсекеде олимпиадалық квота тек финалға шыққан спортшылардың еншісінде кетті. Кейін Италияның Бурсо-Асицио аймағында өткен екінші әлемдік іріктеу турнирінде сыңға түсті. Бұл жарыста да Богданова алысқа шапқан жоқ. Екінші кезеңде польшалық қарсыласына есе жіберді. Тайландтағы соңғы турнир де біздің қыз үшін сәтті болмады. Ол



66 келідегі Наталья Богданова – ел чемпионатын ұтып, ұлттық құрама сапында біраз тәжірибе жинаған боксшы. Ол – өз салмағында Қазақстанда бет қаратпай жүрген спортшылардың бірі. Өкінішке қарай, әлемдік жарыстарға келгенде Богдановаға үнемі бір нәрсе жетпей қалатындай. Мүмкін, шеберлік, мүмкін, тәжірибе...

Наталья Париж Олимпиадасына жолдама беретін үш іріктеу турнирінің

бірінші айналымда-ақ сербиялық Кристина Кулуховадан жеңіліп қалды.

«Шынымды айтсам, жеңіс үшін не жетпегенім білмеймін. Дайындық та, жаттығу жиыны да жақсы өтті. Мүмкін жекпе-жекте өзімнен қате кеткен шығар», – деп қысқа қайырды Богданова.

Енді Қазақстан әйелдер құрамасынан Олимпиада жолдамасына таласатын үш боксшы қалды.

Олар – Назым Қызайбай (50 келі), Римма Волосенко (60 келі) және Валентина Хальзова (75 келі). Бұл спортшылардың барлығы да бірінші кезеңтен сүрінбей өтті.

Ал ерлер құрамасының жалғыз өкілі Мұхаммедсабыр Базарбайұлы екі кездесуде жеңіске жетті. Алдымен ол филиппиндік Кристиан Питт Лауреттені жеңсе, екінші айналымда түркиялық Мизан Айкөзден басым түсті. Бет қатталып жатқанда Базарбайұлы үшінші жекпе-жегінен өткізуге тиіс.

Арда КЕМЕЛ

Тайландтың Бангкок қаласында бокстан Париж Олимпиадасының соңғы жолдамалары сарапқа салынып жатыр. Төртжылдық додасына берілетін 51 лицензияға әлемнің әр түкпірінен келген 600 спортшы таласуда. Оның ішінде 28 квота ерлерге, 23 квота әйелдерге берілімек. Бұл додаға Қазақстан құрамасы алты боксшы апарған. Өкінішке қарай, екеуі бірінші айналымда жарысты аяқтап үлгерді, деп жазады «Айқын» тілшісі.



PARIS 2024



Бангкок сапары Қазақстанның қос құрамасы үшін де маңызды еді. Ерлеріміз жеті салмақтың алтауында лицензия алып, 63,5 келіде асап тұр. Сидней Олимпиадасынан кейінгі төртжылдық турнирлеріне толық құраммен барған әрі әлемдегі бокс державаларының бірі саналатын Қазақстан үшін бір салмақта жолдамасыз қалудың өзі үлкен айып.

Ал әйелдер командасының еншісінде жалғыз жолдама бар. Жазғы Азия ойындарында Карина Ибрагимова лицензия жеңіп алған соң, қалған қыздарымыз көзге түсе алар емес. Италиядағы іріктеу турнирінен де бұрымды боксшылар құралақан келді. Осы аралықта, федерация әйелдер құрамасының бас бапкерін ауыстырып, Бангкокке баратын боксшыларды халықтың алдында спаррингтік турнир арқылы тандап алды. Сондықтан Тайландтағы турнир құрамаға енді келген бапкер Елдос Сайдалин үшін де, соңғы жолдама үшін жанталасқан қыздар үшін де оңай емес.

Иә, соңғы түйенін жүгі ауыр...

Лицензиялық турнирде екі боксшымыз бірінші айналымнан өте алмады. Қыздар арасында 54 келіде жудырықтасқан Ұлжан Сәрсенбек пен 66 келіде сыңға түскен Наталья Богданова үшін іріктеу сыны да, Париж Олимпиадасына барсам деген арман да аяқталды.



Ұлжан Сәрсенбек – жастар арасында Азия чемпионатын екі рет жеңген боксшы. Ересектер арасындағы ұлттық құрамаға да жақында қабылдап,



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ПІАШАЕР:**  
Абдула АЛЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алматы қаласы  
Саятжан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербәкіт ЖАҒАБСАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баиян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**  
Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА ҒАЛМА:**  
87911 673-42-14, 87172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ҒАЛМА:**  
87711 804-61-32  
postpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тансырыс №4453  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сыртқы көшесі 30,  
т.а.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,